



«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММ
Әдістеме - библиография бөлімі



«Ұлт ұстазына тағзым»



/мемлекет қайраткері, ғалым, ағартушы, ақын, публицист
Ахмет Байтұрсынұлының
туғанына 150 жыл/

Библиографиялық көрсеткіш

«Арқалық қаласындағы облыстық
№ 2 әмбебап ғылыми кітапхана» КММ
Әдістеме – библиография бөлімі

ҰЛТ ҰСТАЗЫНА ТАҒЫМ

*/мемлекет қайраткері, ғалым, ағартушы, ақын, публицист
Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл/*

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШ

Арқалық қаласы
2022 жыл

ӘОЖ 01:35(574)

ББК 91.9:74

Ұ 47

Құраст., компьютер. терген: С. М. Көшкінбай
Жауапты ред.: Ә. Қ. Ахметжанова

Құрастырушы: С. М. Көшкінбай
Шығарылымға жауапты: К. Б. Борибаева
Мұқабаны безендірілген: С. М. Көшкінбай
Редактор: Ә. Қ. Ахметжанова

Ұлт ұстазына тағзым [Мәтін] : (мемлекет қайраткері, ғалым, ағартушы, ақын, публицист Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл) : библиографиялық көрсеткіш / Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі; [құраст.; С. М. Көшкінбай ; шығарылымға жауапты К. Б. Борибаева ; ред. Ә. Қ. Ахметжанова]. – Арқалық : [б.б], 2022. – 100 б. : сурет. – қазақ тілінде.

Әдістеме-библиография бөлімі мемлекет қайраткері, ғалым, ағартушы, ақын, публицист Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына арналған библиографиялық көрсеткіш дайындады. Библиографиялық көрсеткіш Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы туралы, сондай-ақ шығармашылық жолы, еңбектері жайында мағлұматтар берілген.

ӘОЖ 01:35(574)

ББК 91.9:74

© С. М. Көшкінбай

Құрастырушыдан

Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері – Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына арнап Арқалық қаласындағы облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасының әдістеме – библиография бөлімі **«Ұлт ұстазына тағзым»** атты библиографиялық көрсеткішті қалың оқырман қауым назарына ұсынып отыр.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетіне аянбай адал қызмет еткен ірі қайраткер, үлкен талант иесі, тарихта орны айрықша зор тұлға. Халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген арыстарымыздың артында қалдырған рухани мұрасын оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу басты мақсатымыз болып табылады.

Реформатор қайраткер, тілтанушы, әдебиетші Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы ЮНЕСКО-ның халықаралық атаулы даталарының күнтізбесіне енгізілді. Мұндай шешім еліміздің ұсынысы бойынша ЮНЕСКО-ның Бас конференциясының 41-інші сессиясы барысында қабылданды.

Бұл библиографиялық құралға Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен қызметі және шығармашылығы жайында мағлұматтар берілген. Көрсеткіштегі материалдар қазақ тілінде әзірленген. Көмекші құрал ретінде есімдердің әліпбилік көрсеткіші берілген.

Басылым ұлт тарихындағы аса көрнекті қайраткер-қаламгердің өмірін, қызметін, шығармашылығын білігісі келетін барша оқырман қауымға арналған.

Ұлт жанашыры



Ахмет Байтұрсынұлы (5 қыркүйек 1872 жыл, қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылы – 8 желтоқсан 1937, Алматы қаласы) — қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері. Қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, Алаш-Орда өкіметінің мүшесі.

Атасы Шошақ немересі Ахмет өмірге келгенде ауыл ақсақалдарынан бата алып, азан шақырып атын қойған. Әкесінің інісі Ерғазы Ахметті Торғайдағы 2 сыныптық орыс-қазақ мектебіне береді. Оны 1891 жылы бітіріп, Орынбордағы 4 жылдық мектепке оқуға түседі. 1895-1909 жылы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі орыс-қазақ мектептерінде оқытушы, Қарқаралы қалалық училищесінде меңгеруші қызметін атқарады. Ол өте кемеңгер, білімді тұлғаның бірі болған.

Байтұрсынұлының саяси қызмет жолына түсуі 1905 жылға тұс келеді. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі Байтұрсынұлы болды. Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын. Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлын қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы 9 наурызда келіп, 1917 жылдың соңына дейін сонда тұрды. Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жылы өзінің ең жақын сенімді достары Ә. Бөкейхан, М. Дулатұлымен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды. Газет қазақ халқын өнер, білімді игеруге шақырды.

Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазаққа» жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. Байтұрсынұлы 1917 жылы рев. өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен

Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынұлы пен Дулатұлы қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру – жүзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады.

Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі Оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлын бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды. Байтұрсынұлы 1919 жылы наурызда Алашорда үкіметі атынан Мәскеуге Кеңес үкіметімен келіссөзге аттанды, осы жылғы шілдеде РКФСР Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақ әскери-революциялық комитеті төрағасының орынбасары болып тағайындалды.

Байтұрсынұлының ықпалымен сәуірде Алашорда басшылары мен мүшелеріне Кеңес үкіметінің кешірімі жарияланды. Байтұрсынұлы бұл тарихи кезеңде «патшалардың төрінде отырғаннан, социалистердің босағасында өлгенім артық» деген пікірде болды (ҚР ҰҚК архиві, 78754-іс, 6-т., 44-п). 1920 жылы В. И. Ленинге үкіметінің Қазақстанды басқару ісіндегі алғашқы қадамын қатал сынға алған хатын жолдады. Қазревком мүшесі ретінде Қазақстанның Ресеймен шекарасының қалыптасу ісіне белсенді түрде араласты.

Бүкілресейлік ОАК-нің 1919 ж. 27 тамызда Қостанай уезін Челябин облысына қосу туралы шешіміне қарсы Б-тың жазған саяси наразылығы Қостанай уезін Қазақстан құрамына қайтаруға негіз болды. Ол 1920 ж. тамызда құрылған Қазақ АКСР-і үкіметінің құрамына еніп, 1920–1921 жылы Қазақ АКСР-і халық ағарту комиссары қызметінде болды.

1922 жылы Өлкелік халық комиссариаты жанындағы Академиялық орталықтың, 1922–1925 жылы Халық ағарту комиссариаты ғылыми-әдеби комиссиясының, Қазақ өлкесін зерттеу қоғамының төрағасы болып қызмет атқарды. Байтұрсынұлы түрлі мемлекеттік қызметке ат салыса жүріп, сонымен бір мезгілде өзінің жаны сүйген оқытушылық-ұстаздық жұмысынан да қол үзбеген.

1921–1925 жылы Орынбордағы, 1926–1928 жылы Ташкенттегі Қазақ халық ағарту институттарында қазақ тілі мен әдебиеті, мәдениет тарихы пәндерінен сабақ берді. 1928 жылы Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогика институтының ашылуына байланысты ректордың шақыруымен осы оқу орнына профессор қызметіне ауысты. 1929 жылы 2 маусымда 43 Алаш қозғалысы қайраткерлерімен бірге ол Алматыда тұтқынға алынып, осы жылдың соңына қарай тергеу үшін Мәскеудегі Бутырка абақтысына жөнелтілді. КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» 1930 ж. 4 сәуірдегі шешіміне сәйкес Байтұрсынұлы ату жазасына кесілді. Бұл шешім бірнеше рет өзгерістерге ұшырады: 1931 жылы қаңтарда 10 жылға концлагерьге

ауыстырылса, 1932 ж. қарашада 3 жылға Архангельскіге жер аударылсын деп ұйғарылды.

1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі. 1934 жылы М.Горькийдің жұбайы Е.П.Пешкованың көмегімен Байтұрсынұлы отбасымен мерзімінен бұрын босатылып, Алматыға оралады. Бұл жерде тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. 1937 жылы 8 тамызда тағы да қамауға алынып, екі айдан соң, яғни 8 желтоқсанда атылды. Тұтас буынның төл басы болған Байтұрсынұлының алғашқы кітабы – «Қырық мысал» 1909 жылы жарық көрді. Ол бұл еңбегінде Ресей отаршыларының зорлық-зомбылығын, елдің тұралаған халін жұмбақтап, тұспалдап жеткізді. Байтұрсынұлы мысал жанрының қызықты формасы, ұғымды идеясы, уытты тілі арқылы әлеум. сананың оянуына ықпал етті. Ақынның азаматтық арман-мақсаты, ой-толғамдары кестеленген өлеңдері «Маса» деген атпен жеке кітап болып жарық көрді (1911). «Масаның» негізгі идеялық қазығы – жұртшылықты оқуға, өнер-білімге шақыру, мәдениетті уағыздау, еңбек етуге үндеу. Ақын халықты қараңғылық, енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерден арылуға шақырды. Абайдың ағартушылық, сыншылдық дәстүрін жаңарта отырып, Байтұрсынұлы 20 ғ. басындағы қазақ әдебиетін төңкерісшіл-демократтық дәрежеге көтерді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы қазақ тіліне А. С. Пушкин, М. Ю.Лермонтов, Ф. Вольтер, С. Я.Надсон өлеңдерін аударды. Бұл аудармалар Байтұрсыновтың тақырыпты, идеялық-көркемдік деңгейі жоғары туындылар. Ел тағдырының келешегіне алаңдаулы ақын көп қырлы ісімен, даналық саясатымен қазақ жастарының рухани көсемі болды.

Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласы – әдебиеттану ғылымындағы алғашқы зерттеу еңбектердің бірі. Мақалада ұлы ақын Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысы, өлеңдерінің ұлттық сөз өнеріндегі маңызы, көркемдік-эстетикалық сипаты баяндалды. Ол Абай өлеңдерінің даралығын, «сөзі аз, мағынасы көп, тереңдігін», сыншылдығын ұғындырды. Байтұрсынұлының Абайдың ақындық шеберлігі, поэзияға деген көзқарасы туралы ғылыми тұжырымдары қазақ әдебиеттану ғылымында жалғасын тапты. Оның «Әдебиет танытқыш» деген зерттеуі (1926) қазақ тіліндегі тұңғыш іргелі ғылыми-теориялық еңбек. Байтұрсынұлы әдебиет тарихына, теориясы мен сынына, методологиясына тұңғыш рет тиянақты анықтама беріп, қазақ әдебиеттану ғылымының жүйесін жасады. Халық тілінің бай қоры көзінен мағынасы терең, ұғымдық аясы кең сөздерді термин етіп алып, соның негізінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлық формаларын топтап, жіктеп берді. Мысалы, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, толғау, т.б. ғылыми-теориялық еңбекке қазақ әдебиетінің ең бейнелі, мазмұны мен мағынасы терең шығармаларын мысал ретінде пайдаланды. Сөз өнері жайында жазылған әлемдік ғылымның ең үздік үлгілерін пайдалана отырып, әдебиеттанудағы ұғым, термин, категориялардың соны ұлттық үлгілерін жасады. Мысалы, мензеу, теңеу, ауыстыру, кейіптеу, әсірелеу, алмастыру, шендестіру, үдету,

түйдектеу, кекесіндеу, т.б. «Әдебиет танытқышта» ақындық дарын табиғаты, шығарм. психологиясы, шабыт стихиясына ғылыми тұжырым берілді. Өлеңге жан-жақты зерттеу жасап, шумақ, тармақ, бунақ, буын, ұйқас, т.б. ұғымдарға анықтама берді.

Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін ғылыми негізде топтап берген. «Әдебиет танытқыш» – сан-салалы әдебиет табиғатын жан-жақты ашып, талдап-түсіндірген ғылыми зерттеді. Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқышымен» қазақ әдебиеттану ғылымының негізін салды. Сондай-ақ ол – әдебиет тарихының мұрасын, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаған зерттеуші ғалым. Көркемдігі айрықша «Ер Сайын» жыры (1923) мен қазақ тарихының төрт жүз жылын қамтитын «23 жоқтау» жинағын (1926) кітап етіп шығарды. Халық мұрасына үлкен жанашырлықпен қараған Ахмет Байтұрсынұлы «әдебиет тіліне негіз етіп ел аузындағы тіл алынбаса, оның адасып кететіндігін» айтты. Байтұрсынұлы – қазақ кәсіби журналистикасын қалыптастырған ірі қайраткер. Ол қазақ халқына, зиялы қауымға газеттің қоғамдық қызметін ұғындырып, баспасөздің өркениетті, тәуелсіз елге аса қажет нәрсе екенін жанкешті іс-әрекетімен көрсетті. Байтұрсынұлы ұйымдастырып, бас редактор болған «Қазақ» газеті қоғамдық ойға ірі қозғалыс, рухани санаға сілкініс әкелді. «Қазақ» газеті халықтың рухын сергіткен ірі құбылысқа айналды. Байтұрсынұлы – әлеуметтік мәселелерге, қоғамдық ой-пікірге ықпал жасаған публицист. Оның мақалалары ғылыми байыптауымен, өткір ойларымен сол кезеңнің шындығынан хабар береді. Абайдың қоғам өмірінің демокр. құрылысы туралы ойларын дамытып, саяси-әлеум. жағдай, оқу-ағарту, халықтың тұрмыс-тіршілігі туралы мәселелерді қозғады. Қазақ зиялыларының жан-жақты білімдар әрі саяси күресте шындалған легін қалыптастыруда Байтұрсынұлының публицист, баспасөз ұйымдастырушы ретіндегі еңбегі ұшантеңіз. Ол – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор.

Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми баяндама жасады. Бұл әліпби ұлттық жазудың қалыптасуындағы ірі мәдени жетістік болып табылады. Ол халыққа ғылым-білімнің қажеттілігін түсіндірумен ғана шектелмей, білім беру ісін жолға қоюға күш салды. Орыс, татар мектептерінен оқып шыққан ұлт мамандарының өз тілін қолданудағы кемшіліктерін көріп: «[[Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады. Біздің жасынан не орысша, не ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды не жазса да қиындықпен жазады, себебі, жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық» деп жазды. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық

ретінде бағаланады. Байтұрсынұлы қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін қам қылды. Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген. Б. қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Оның үш бөлімнен тұратын «Тіл – құрал» атты оқулығының фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, морфологияға арналған бөлімі 1914 ж., синтаксис бөлімі 1916 жылдан бастап жарық көрді. «Тіл – құрал» – қазақ тілінің тұңғыш оқулығы. Оқулық қазіргі қазақ тілі оқулықтарының негізі болып қаланды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарау-тарау салаларының құрылымын жүйелеп, ғылыми негізін салған зерттеу. Оның тілдік ұғымдарға берген анықтамаларының ғылыми тереңдігі, дәлдігі қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Ол тұңғыш төл граммат. терминдерді қалыптастырды. Мысалы, зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, бастауыш, баяндауыш, пысықтауыш, шылау, сөз таптары, сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз, т.б. жүздеген ұлттық терминдерді түзді. Сондай-ақ Байтұрсынұлы практикалық құрал ретінде «Тіл жұмсар», мұғалімдерге арналған «Баяншы» деген әдістемелік кітаптар жазды. Ол – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған ғалым-ағартушы. Байтұрсынұлы оқулығындағы тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізген «сынау», «дағдыландыру» деген арнайы бөлімдер қазіргі заманғы әдістеме ғылымы үшін де өз маңызын жойған жоқ. Байтұрсынұлының ақын, аудармашы, ғалым-тілші, әдебиеттанушы ретіндегі ұлан-ғайыр еңбегі өз дәуірінде зор бағаға ие болды. 1923 жылы Байтұрсынұлының 50 жасқа толғаны Орынбор, Ташкент 1922 жылы қалаларында салтанатты түрде аталды.

С. Сәдуақасов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, М. Дулатұлы, Е. Омаров сияқты замандастары баспасөзде мақалалар жариялап, Байтұрсынұлының қазақ халқына сіңірген еңбегін өте жоғары бағалады. Өмірі мен қызметіне, шығармашылығына ғылыми пікір-тұжырымдар айтылды. Әуезов Ахмет туралы «Ақаңның елу жылдық тойы» деген мақаласында «...Кешегі күндерге дейін бәріміз жетегінде келгенбіз. Қаламынан туған өсиеті, үлгісі әлі есімізден кеткен жоқ. Патша заманындағы хукіметтік өр зорлыққа қарсы салған ұраны, ойымызға салған пікірі ... әлі күнге дейін үйреніп қалған бесігіміздей көзімізге жылы ұшырайды, құлағымызға жайлы тиеді» деп жазды. 1929 ж. шыққан «Әдебиет энциклопедиясында]]» (Мәскеу) Байтұрсынұлы тұлғасына «аса көрнекті қазақ ақыны, журналисі және педагогы. Ол қазақ тілі емлесінің реформаторы және қазақ әдебиеті теориясының негізін салушы» деген ғылыми әділ баға берілді. 1933 жылы шыққан М. Баталов пен М. С. Сильченконың «Қазақ фольклоры мен қазақ әдебиетінің очерктері» деген кітапшасында:

«оның негізгі бағыты қазақ халқының қоғамдық-мәдени оянуына ықпал ету болды» деп Б-ның қоғамдық қызметін қорытындылады. Кейінгі коммунистік идеология Б. есімін ауызға алуға көп жылдар бойы тыйым салып, ол туралы сынаржақ пікірлер айтылды. Саяси қысымның қаупіне қарамастан белгілі түркітанушы, академик А. Н. Кононов «Отандық түркітанушылардың биобиблиографиялық сөздігі» деген еңбегінде (1974) Байтұрсынұлының толық өмірбаянын беріп, әлеум.-қоғамдық қызметін, басты еңбектерін нақты айтты. Оның қазақ әліппесінің авторы екендігі, қазақ тілінің фонетикасы, синтаксисі, этимологиясы, әдебиет теориясы мен мәдениет тарихы оқулықтарын жазғандығы көрсетілді. 1988 жылдан кейін Қазақстандағы көптеген көше, мектептерге Байтұрсынұлы есімі берілді. Тіл білімі институты, Қостанай мемлекеттік университеті Байтұрсынұлының есімімен аталды. 1998 жылы оның туғанына 125 жыл толған мерейтойы салтанатпен атап өтіліп Алматы қаласынданда республика ғылыми конференция өткізілді, Байтұрсынұлының мұражай-үйі мен ескерткіші ашылды.

Шығармалары:

1. Ахмет Байтұрсынұлы [Мәтін] : энциклопедия / бас ред.: Ж. Тойбаева ; алғы сөз жазғ.: Д. Қамзабекұлы, Е. Тілешов. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 744 б.
2. Ахмет Байтұрсынұлы : Энциклопедия / құраст. Ғ. Жандыбаев., К. Қошым-Ноғай, Ғ. Егеубаева, К. Саркенова. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 744 б.
3. Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы [Мәтін] : [мақалалар, құжаттар, пікірлер] / құраст.: О. Жұбаева. – Астана: Алашорда, 2017. – 752 б.
4. Ахмет Байтұрсынұлы : өлеңдер, мысалдар, мақалалар, зерттеулер / Редакторы Е. Манашов. – Алматы : Өлке баспасы, 2013. – 240 б.
5. Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы мәселелері [Мәтін] : конференция материалдары мен тезистері. – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.

Ол туралы әдебиеттер:

6. Абай және алаш сабақтастығы : тарихи-философиялық, әдеби-лингвистикалық аспект : [ұжымдық моногр.] / [ред. алқасы: Е. Сыдықов т. б.] ; Еуразия ұлттық ун-ті ; «Абай академиясы» ғылыми-зерттеу ин-ты. – Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 406 б.
7. Алаш көсемсөзі : шолпан журналы. 10-томдық: 1-кітап / ред.Мұзафарова Г. - Алматы : Өнер, 2010 ж. – 352 б. - (Мәденимұра)
8. Алаш көсемсөзі : Шолпан журналы. 10-томдық: 2-кітап / ред.Салпикова А. - Алматы : Өнер, 2010 ж. – 360 б.
9. Алаш көсемсөзі : Шолпан журналы. 10-томдық: 3-кітап / ред.Салпикова А. - Алматы : Өнер, 2010 ж. – 344 б.
10. Алаш көсемсөзі : ЖасТүркістан журналы. 10-томдық: 4-кітап / ред.Музафарова Г. - Алматы : Өнер, 2010 ж. – 352 б.
11. Алаш көсемсөзі. 10-томдық: 5-том / ред. Мұзафарова Г. - Алматы : Өнер, 2011. – 320 б.
12. Алаш көсемсөзі : Таң. 10-томдық: 6-том / ред.Мұзафарова Г. - Алматы : Өнер, 2011. – 368 б.
13. Алаш көсемсөзі : Таң. 10-томдық: 7-том / ред. Мұзафарова Г. - Алматы : Өнер, 2011. – 368 б.
14. Алаш көсемсөзі : Абай. 10-томдық: 8- кітап / ред. Мұзафарова Г. – Алматы : Өнер, 2011ж. – 384 б. - (Мәденимұра)
15. Алаш көсемсөзі : Сарыарқа. 10-томдық: 9- кітап / ред. Мұзафарова Г. – Алматы : Өнер, 2011. – 320 б.
16. Алаш көсемсөзі : Сарыарқа. 10-томдық: 10-кітап / ред. Мұзафарова Г. – Алматы : Өнер, 2011. – 360 б.
1. Алаш көсемсөзі: жермәселесі. көптомдық: 1-том / ред. Н.К. Мауытов. – Алматы : Қазақэнциклопедиясы, 2014 ж. – 400 б.
18. Әбдиманұлы Өмірхан, Шығармалары : монография. 1-том: Ахмет Байтұрсынұлы / Ө. Әбдиманұлы; ред. Мауытов Н. - Алматы : Қазақэнциклопедиясы, 2016. – 400 б.
19. Әбдиманұлы, Ө. Ахмет Байтұрсынұлы [Мәтін] : зерттеу-эссе / Ө. Әбдиманұлы. - Алматы: Арда, 2007. – 296 б.
20. Естеліктегі Алаш / құраст., алғы сөзін және түсініктерін жазған С. Б. Жұмағұл ; ҚР Білім және ғылым министрлігі, Л. Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық ун-ті ; «Алаш» мәдениет және рухани даму ин-ты. - Ғылым-танымдық басылым. - Нұр-Сұлтан : Алашорда, 2020. – 488 б.
21. Еркінбаев, Ұ. О. Ахмет Байтұрсынұлының "Әдебиет танытқышы" ХХ ғасыр басындағы әдебиеттану ғылымының контексінде [Мәтін] : филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Ұ. О. Еркінбаев ; Еркінбаев Ұлан Оралұлы. - Алматы, 2007. – 25 б.

22. Имаханбетова, Райхан Сахыбекқызы. Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, шығармашылығы [Мәтін] : филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Р. С. Имаханбетова. - Алматы, 2006. – 26,[4] б.
23. Кемелбаева, А.Папирус [Мәтін] : [ғылыми-танымдық мақалалар, эсселер, сұхбаттар] / А. Кемелбаева. - Алматы : Алматы-Болашақ, 2020. - 416 б.
24. Ойсылбай, Айсұлу.Ахмет Байтұрсынұлының "әдебиет танытқышындағы" сөз өнері мен поэтика мәселелері [Мәтін] : монография / А. Ойсылбай; ред. Қарамырза Асан. - Алматы : "Қаратау ҚБ", 2016. – 288 б.
25. Ойсылбай, Айсұлу Төрекұлқызы. Ахмет Байтұрсынұлының "Әдебиет танытқышындағы" сөз өнері поэтика мәселелері [Мәтін] : филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / А. Т. Ойсылбай ; М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер ин-ты. - Алматы, 2010. – 26,[3] б.
26. Сақ Қ, Алаш көсемсөзі: Шаруашылық мәселесі : жинақ. Том-4: Көптомдық шығармалар жинағы / Қ. Сақ; Құрастырушылар: Э. Ерікқызы, А. Дәулетқызы. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2018. – 400 б.
27. Сақ Қайрат, Алаш көсемсөзі: : тіл мәселесі. көп томдық: 2-том / Қ. Сақ; ред. Мауытов Н. К. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2014 ж. – 400 б.
28. Сақ Қайрат, Алаш көсемсөзі: : Дін мәселесі. көп томдық: 3-том / Қ. Сақ; ред. Мауытов Н. К. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2014 ж. – 400 б.
29. Сәрсекеев, Қ. Ұлт ұстазы немесе Алаштың Ахметі [Мәтін] : Ахмет Байтұрсынов жайлы ой-түйін / Қ. Сәрсекеев. - Алматы: GAUNAR, 2003. - 80 б.
30. Сыздықова, Р. Ахмет Байтұрсынов [Мәтін] / Р. Сыздықова. - Алматы: Білім, 1990. – 52 б.
31. Тұрғараева, Гүлфара Махамбетқызы. Ахмет Байтұрсыновтың қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі (1872-1937 жж.) [Мәтін] : тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Г. М. Тұрғараева. - Алматы, 2009. – 26,[2] б.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

1991

32. Байтұрсынов, А. Лениннің 50 жасы [Мәтін]: [алаш қайраткері Ахмет Байтұрсыновтың қазақ баспасөзіне қосқан үлесі] / А. Байтұрсынов // Торғай таңы. – 1991. – 6 маусым. – Б. 3.

1993

33. Байтұрсынов, А. Мың бір мақал [Мәтін] : мақалдар / А. Байтұрсынов // Жұлдыз. – 1993. – № 2. – Б. 3.
34. Байтұрсынов, А. Жәнібек батыр [Мәтін] : [өлеңдер] / А. Байтұрсынов // Рауан. – 1993. – 4 қараша. Б. 26

1995

35. Әлденев Болат, Ахаң берген ақ бата [Мәтін] : Жармақ ұстаны зергерлік өнерімен бүкіл Торғай өңіріне танытты / Б. Әлденев, Қ. Әлім // Торғай таңы. – 1995. – 30 қараша. – Б. 4.
36. Байтұрсынұлы, А. Мың бір мақал [Мәтін] : мақал / А. Байтұрсынұлы // Торғай тынысы. - 2,9,16,21,23 сәуір; Жұлдыз. – 1993. – № 2. – Б. 3.
37. "Бір туар адам еді Байтұрсынов..." [Мәтін] : [қарт чекист Хамза Нұржановпен сұхбат] / Х. Нұржанов ; сұхбаттасқан Торғай тілшілері // Торғай таңы. – 1991. – 8 маусым. – Б. 4.
38. Торғайдан ұшқан қос қыран [Мәтін]: [Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатовтың Торғай облысында өтетін күндері туралы] / "Қазақ әдебиеті" газеті // Торғай таңы. – 1991. – 5 маусым. – Б. 4.
39. Сомжүрек, Ж. Ақыл - ойдың асқар алыбы [Мәтін]: [жазушы Ахмет Байтұрсыновтың шығармалары туралы] / Ж. Сомжүрек // Торғай таңы. – 1993. – 7 желтоқсан. – Б. 2.
40. Наурызбаев, Бисенғали. Көрнекті ағартушы, зерделі ғалым сыршыл ақын [Мәтін] : [ақын Ахмет Байтұрсынов туралы] / Бисенғали Наурызбаев // Торғай таңы. – 1993. – 28 қаңтар. – Б. 4.
41. Ілияс, Б. А. Байтұрсынұлы және Қостанай университеті [Мәтін]: [ғалым З. Алдамжаровпен сұхбат] / Б. Ілияс // Қостанай таңы. – 1996. – 25 мамыр. – Б. 4–5.
42. Ілияс, Б. Ақан, жүрген жерлермен [Мәтін] : "Ақ жол" экспедициясының күнделігі / Б. Ілияс // Қостанай таңы. – 1996. – 11 қазан. – Б. 7.

1998

43. Әнесұлы Жұмат, Елшілдік ұран көтерген... [Мәтін]: қоғам қайраткері, ғалым, ақын, публицист Ахмет Байтұрсынұлының туғанына - 125 жыл / Ж. Әнесұлы // Торғай. – 1998. – 20 ақпан. – Б. 3.
44. Ілияс, Б. Ұлыны алдымен азаматтар ардақтайды [Мәтін]: Қостанайда А. Байтұрсынұлының мүшелтойын оның атындағы университет ерекше атап өтпек / Б. Ілияс // Егемен Қазақстан. – 1998. – 10 қаңтар. – Б. 3.
45. Несіпбай, А. Алашорда көсемінің ұлы [Мәтін] : [алаш көсемі Әлихан Бөкейханның ұлы Сергей Бөкейханов жайында] / А. Несіпбай // Егемен Қазақстан. – 2000. – 31 мамыр. – Б. 16.
46. Ілияс, Б. Ахмет Байтұрсынұлының таяғы [Мәтін]: [Қостанай мемлекеттік университетінің мұражайына қойылды] / Б. Ілияс // Егемен Қазақстан. – 2000. – 27 қыркүйек. – Б. 13.

2005

47. Жанғабылов, Кәрім. Ахаңның ағартушылық қызметі [Мәтін] : [ағартушы А. Байтұрсынұлы туралы] / Кәрім Жанғабылов // Қостанай таңы. – 2005. – 28 қаңтар. – Б. 4.
48. Мешітбаев, Нұрболат. Өлеңін ұлы Ахан аударған Жадовская кім еді? [Мәтін]: [А. Байтұрсыновиың «Мінсіз таза меруерт» деп басталған өлеңі туралы] / Нұрболат Мешітбаев // Қазақ әдебиеті. – 2006. – 10 наурыз. – Б. 5.

2006

49. Байтұрсынов, А. Қазақ салты [Мәтін] : [өлеңдер] А. Байтұрсынов // Отбасы және денсаулық. – 2006. – № 12. – Б. 1.

2007

50. Байтұрсынов, А. Қазақ қалпы [Мәтін]: [өлеңдер] / А. Байтұрсынов // Отбасы және денсаулық . – 2007. – № 1. – Б. 17.

2010

51. Абикеева, М. Қазақ ағартушыларының ой-пікірлерінен [Мәтін] : [халық ағартушыларының халықтық салт-дәстүрді тәрбиеде пайдалану туралы ой-пікірлері] / М. Абикеева // Қазақстан мектебі. – 2010. – № 10. – Б. 28–34.

- 52.31 мамыр Қазақстанда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні [Мәтін] : [жазықсыз жазаланғандар туралы деректер] // Біздің Торғай. – 2010. – 4 маусым. – Б. 6.
- 53.Қадамбаев, Т. Алтын ұя [Мәтін] : [Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіне - 70 жыл] / Т. Қадамбаев // Қостанай таңы. – 2010. – 13 сәуір. – Б.
- 54.Төретова, Г. Алаш арысы - Ахмет Байтұрсынов [Мәтін] : [Ахмет Байтұрсыновтың ғалымдық, ағартушылық, ақындығы туралы] / Г. Төретова // Ұлағат. – 2010. – № 2. – Б. 59–62.

2011

- 55.Атығайұлы, И. Ахаң және Самырат [Мәтін] : [ел ағаларының қолқанаты болған Самырат Кәкішұлының естелігі] / И. Атығайұлы // Қостанай таңы. – 2011. – 18 қаңтар. – Б. 5.
- 56.Әбдіхалықұлы, Ө. Алаштың әнұраны [Мәтін] : [алаштың әнұраны туралы ойлар] / Ө. Әбдіхалықұлы // Қостанай таңы. – 2011. – 11 қараша. – Б. 3.
- 57.Байтұрсынов, А. Айқап және "қазақ өкпесі" [Мәтін]: [Айқап газетіне жазылған мақала] / А. Байтұрсынов // Ана тілі. – 2011. – 14 қаңтар. – Б. 6–7.
- 58.Досанов, С. Ахмет пен Асылхан [Мәтін] : [жазушы Сәбит Досановтың Ахмет Байтұрсынов Қостанайда деген әңгімесі туралы] / С. Досанов // Қостанай таңы. – 2011. – 9 желтоқсан. – Б. 8.
- 59.Қасымова, А. Аққу, шортан һәм шаян [Мәтін] : [оқушылардың әдебиет теориясынан білімдерін тереңдету] / А. Қасымова // Қазақ және Әлем әдебиеті. – 2011. – № 2–3. – Б. 27–29.
- 60.Манапқызы, Ұлту, Ғалымның хаты өлмейді [Мәтін]: [ақын Ахмет Байтұрсынов туралы суреті бар] / ҰлтуМанапқызы // Игілік. – 2011. – № 1. – Б. 14–15.
- 61.Тұрысбек, Р. Ахмет Байтұрсынұлының көсемсөздері [Мәтін] : [Ахмет Байтұрсынов көсемсөздері туралы] / Р. Тұрысбек // Жалын. – 2011. – № 5. – Б. 3–15.
- 62.Рақымқызы, Роза, Бала тұрардан - Түркістанның ұлы қайраткері тұрар Рұсқұловқа дейін : [Тұрар Рысқұлов туралы] / Р. Рақымқызы // Аңыз адам. – 2011. – № 10. – Б. 5–9.

2012

- 63.Ахмет Байтұрсыновтың ескерткіш-бюсті Арқалықта бой көтерді [Мәтін] : [жазушы Ахмет Байтұрсыновтың ескерткішінің ашылуы туралы] // Қазақ. – 2012. – 9 қараша. – Б. 1.

64. Әлімхан, Айжан. Халқына қалтықсыз қызмет еткен Ахмет аға [Мәтін]: [ақын Ахмет Байтұрсынов туралы] / Айжан Әлімхан // Жас ғалым. – 2012. – № 7. – Б. 91.
65. Аймағамбетұлы, Р. Ахмет Байтұрсынұлының "Масасы" және қазіргі қазақ қоғамы [Мәтін] : [ақын Ахмет Байтұрсынов туралы] / Р. Аймағамбетұлы // Қазақ. – 2012. – 17–24 ақпан . – Б. 8
66. Байтұрсынұлы, Ә. Ахаң енді әрқашан қасымызда [Мәтін] : [Ахмет Байтұрсынұлы туралы өлеңдер] / Ә. Байтұрсынұлы // Торғай. – 2012. – 9 қараша. – Б. 6.
67. Досанов, С. Ахмет пен Асылхан [Мәтін] : [жазушы Сәбит Досановтың Ахмет Байтұрсынов Қостанайда деген әңгімесі туралы] / С. Досанов // Қостанай таңы. – 2011. – 9 желтоқсан. – Б. 8.
68. Досжанов, Х. Қаламыздың төрінде А. Байтұрсынов [Мәтін] : [жазушы Ахмет Байтұрсыновтың ескерткішінің ашылуы туралы] / Х. Досжанов // Арқалық хабары. – 2012. – 2 қараша. – Б. 3.
69. Қирабаев, С. Ахмет Байтұрсынов - Тәуелсіздік жыршысы [Мәтін] : жазушы Ахмет Байтұрсынов жайлы естеліктер] / С. Қирабаев // Қазақ. – 2012. – 6–13 қаңтар. – Б. 6–7.
70. Мұқатов, Н. Ескерткіш түбіндегі ой [Мәтін] : [өлең] / Н. Мұқатов // Арқалық хабары. – 2012. – 16 қараша. – Б. 4.
71. Омарова, Ж. Мәнерлеп оқудың маңызы [Мәтін] : [сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы туралы түсінік] / Ж. Омарова // Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл. – 2012. – № 3. – Б. 33.
72. Оспанұлы, С. Қойшығара Салғараұлы шығармаларындағы ұлттық сана және мәңгүрттік [Мәтін] : [жазушы Қойшығара Салғараұлының өлеңдері туралы] / С. Оспанұлы // Жұлдыз. – 2010. – № 2. – Б. 194–196.
73. Оспанұлы, С. Мәдени мұра және қазақ ақындары [Мәтін] : [қазақ ақындарының жинақтамалары туралы] / С. Оспанұлы // Мәдени мұра. – 2012. – № 2. – Б. 15–18. .
74. Сахыбекқызы, Р. Ахаңның асыл әндеріне қайта оралсақ... [Мәтін] : [жазушы Ахмет Байтұрсынұлы туралы] / Р. Сахыбекқызы // Қазақ әдебиеті. – 2012. – 7 қыркүйек. – Б. 1, 7.
75. Сабыржанұлы, С. Қалдырдың мұра - тең келмес [Мәтін] : [өлең] / С. Сабыржанұлы // Арқалық хабары. – 2012. – 24 қазан. – Б. 4.

2013

76. Ағытайұлы, И. Ахаңды қудалау бабасынан басталған [Мәтін] : [Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынов туралы] / И. Ағытайұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 30 қаңтар. – Б. 5.
77. Айқадамова Айтолқын, "Асқақ рух мұрагері" [Мәтін]: [ағартушы А. Байтұрсынұлының 140 жылдығына арналған кеш өтті] / Айтолқын Айқадамова // Қостанай таңы. – 2013. – 29 қаңтар. – Б. 11.

78. Айқадамова, А. "Асқақ рух мұрагері"[Мәтін] : [ағартушы А. Байтұрсынұлының 140 жылдығына арналған кеш өтті] / А. Айқадамова // Қостанай таңы. – 2013. – 29 қаңтар. – Б. 11.
79. Айқадамова, А. Кітап көрмесі ұйымдастырылды [Мәтін] : [Ахмет Байтұрсыновтың 140 жылдығына арналған көрме] / А. Айқадамова // Қостанай таңы. – 2013. – 23 қаңтар. – Б. 1.
80. Айқадамова, А. Ұлттың ұлы ұстазы [Мәтін]: [халық ұстазының туған күніне орай іс-шара өтті] / А. Айқадамова//Қостанай таңы. – 2013. – 1 ақпан. – Б. 1.
81. Алашорда және Алаш арыстары [Мәтін] : [алашорда үкіметінің құрылғанына 95 жылдығына арналған материал] // Мөлдір бұлақ. – 2013. – № 1. – Б. 4.
82. Әуезов, Мұхтар. Ақанның елу жылдық тойы [Мәтін]: [әңгіме] / Мұхтар Әуезов // Қазақ. – 2013. – 2–8 ақпан. – Б. 8.
83. Әуезов, М. Ақаң және "қазақ" һәм қазақ [Мәтін]: [әңгіме] / М. Әуезов // Аманкелді арайы. – 2013. – 1 ақпан. – Б. 3.
84. Барбол, Әзірет. "Қазақ" һәм бүгінгі БАҚ[Мәтін] : [ұлттық басылым туралы : суреті бар] / Әзірет Барбол // Қазақ. – 2013. – 15–22 наурыз. – Б. 5.
85. Имаханбет, Райхан. Ахаң һәм "қазақ" газеті [Мәтін]: Қазақ газетінің шыға бастағанына-100 жыл / Райхан Имаханбет // Қазақ. – 2013. – 2–8 ақпан. – Б. 19.
86. Имаханбетова, Р. Ахаңның еленбей келген еңбектері[Мәтін] : [мақала] / Р. Имаханбетова // Қостанай таңы. – 2013. – 13 қараша. – Б. 7–10.
87. Қозыбаев, Сағымбай. Егіз өрім [Мәтін]: [Қазақ газетінің тұңғыш бас редакторы Ахмет Байтұрсынов туралы естелік] / Сағымбай Қозыбаев // Егемен Қазақстан. – 2013. – 1 ақпан. – Б. 5.
88. Қойгелді, М. Ахаңның тұлғасы - биік азаматтықтың үлгісі[Мәтін] : [ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы туралы естелік] / М. Қойгелді // Алаш айнасы. – 2013. – 30 қаңтар. – Б. 5.
89. Қыдырбек, Ә. Қайраткерге құрмет [Мәтін] : [елордада өткен "Ахмет Байтұрсынұлы әлемі: білім, мәдениет және диалог" атты ғылымтанымдық конференция туралы] / Ә. Қыдырбек // Егемен Қазақстан. – 2013. – 12 ақпан. – Б. 5.
90. Маткеримова, Раушан. Қазақ тілі және Ахмет Байтұрсынұлы[Мәтін] : [ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы туралы естелік] / Раушан Маткеримова // Қазақ. – 2012. – 15–22 наурыз. – Б. 4.
91. Мұсабаев, Х. Алаштың бас газетіне [Мәтін]: [Қазақ газетінің 100 жылдығына орай жыр-шашу] / Х. Мұсабаев // Қазақ. – 2013. – 2–8 ақпан. – Б. 3.
92. Мұсабаев, Х. Қоқаң және "Қазақ" һәм қазақ [Мәтін]: [Қазақ газеті алғашқы редакторлары туралы] / Х. Мұсабаев // Аманкелді арайы. – 2013. – 1 ақпан. – Б. 3.

93. Нұрманова, А. Ұлттың рухани көсемі [Мәтін] : [Арқалық қаласындағы облыстық № 2 облыстық ғылыми әмбебап кітапханасында өткізілген А. Байтұрсынов туралы әдеби іс-шара] / А. Нұрманова // Арқалық хабары. – 2013. – 20 ақпан. – Б. 3.
94. Рақымқызы, Роза. "Ел бүгіншіл, менікі - ертең үшін..." [Мәтін]: [ұлы ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы туралы естелік] / Р. Рақымқызы // Алаш айнасы. – 2013. – 30 қаңтар. – Б. 5.
95. Сәрсекеев, Қ. Құмарал қыраны [Мәтін] : [ғалым Кенжеғали Сағадиевтің туған жері Торғайға сапары жайында] / Қ. Сәрсекеев // Қазақ әдебиеті. – 2013. – 1–7 наурыз. – Б. 1, 4.
96. Сыздық, Рабиға. Ғылым көгінің жарық жұлдызы [Мәтін]: Құдайберген Жұбанов және қолданбалы тіл білімі / Рабиға Сыздық // Егемен Қазақстан. – 2013. – 4–9 қаңтар. – Б. 5.
97. Тоқтарбай, Е. "Ұлттың рухани көсемі" [Мәтін] : [жазушы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 140 жыл толуына арналған әдеби кеш туралы] / Е. Тоқтарбай // Қостанай таңы. – 2013. – 22 ақпан. – Б. 4.
98. Тұрғынбекұлы, Серік. Ахмет-Іңкәр [Мәтін] : [Лирикалық дастаннан үзінді] / Серік Тұрғынбекұлы // Қостанай таңы. – 2013. – 9 қаңтар. – Б. 9.
99. Ұлттық сананың ұйтқысы [Мәтін]: Қазақ газетінің шыға бастағанына-100 жыл // Егемен Қазақстан. – 2013. – 30 қаңтар. – Б. 4.
100. Шаяхмет, А. "Қазақ" газеті-ұлт ұйтқысы [Мәтін]: [Қазақ газетінің шығуына ұйтқы болған ұлт зиялылары туралы естелік] / А. Шаяхмет // Қазақ. – 2013. – 2–8 ақпан. – Б. 10–11.
101. Ахмет Байтұрсынұлы [Мәтін]: [мұрағат ізімен] // Айгөлек. – 2013. – № 2. – Б. 4–5.

2014

102. 22 қыркүйек – Қазақстан халықтарының тіл мерекесі [Мәтін]: [мақала] // Мөлдір бұлақ. – 2014. – № 10. – Б. 4–5.
103. Тоқтарбай, Елдос. Балауса жырдың иесі [Мәтін]: [ақын Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 140 жыл толуына орай] / Елдос Тоқтарбай // Жас өркен - Қостанай. – 2014. – 4 наурыз. – Б. 32–33.
104. Қалижанова, Жанерке. Алаш туын көтерген алыптарым [Мәтін] : [өлең] / Жанерке Қалижанова // Арқалық хабары. – 2014. – 17 қаңтар. – Б. 4.

2015

105. Аманат арқалаған Ахметтанушы[Мәтін] : немесе Ахмет Байтұрсынұлы мұражай - үйінде саяхат //Ақ желкен. – 2015. – № 8. – Б. 23–29.
106. Жұмағұлов, Сағымбай. Ахмет Байтұрсынұлы және Ғұмар Қараш [Мәтін]: [Қазақ зиялыларының кемел ойлары туралы] / Сағымбай Жұмағұлов // Қазақ. – 2015. – 17– 24 сәуір. – Б. 6–7.
107. Қирабаев, Серік. Тәуелсіздік жыршысы[Мәтін] : [ақын Ахмет Байтұрсынов туралы деректер] / С. Қирабаев // Қазақ. – 2015. – 27 ақпан. –Б. 4.
108. Құл- Мұхаммед, Мұхтар. Алаш қайраткерлері [Мәтін]: [31 мамыр қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандары еске алу] / Мұхаммед Мұхтар Құл-// Қазақ. – 2015. – 5–12 маусым. – Б. 6–7
109. Досжанова, Қымбат. Алаштың ардақтысы [Мәтін]: [Ахмет Байтұрсынұлы] / Қымбат Досжанова // Қостанай таңы. – 2015. – 30 қаңтар. – Б. 1.
110. Дөңқабақ, О. "Ахаңның асыл әндері-ай" [Мәтін]: [жазушы Ахмет Байтұрсыновтың музыка аспаптары туралы] / О. Дөңқабақ // Торғай таңы. – 1994. – 1 қаңтар. – Б. 4.
111. Нұрғали, Рымғали. Қаз едік қатар ұшқан қаңқылдаған[Мәтін] : [ағартушы А. Байтұрсынұлы туралы] / Рымғали Нұрғали // Қазақ. – 2014. – 17–31 қаңтар. – Б. 6–7.
112. Шүкірұлы, С. Қазақ жазуының қалыптасуы[Мәтін] : [ғалым А. Байтұрсынұлының қазақ тілінде бірнеше еңбектерінің шығуы туралы] / С. Шүкірұлы // Қазақ. – 2015. – 19–26 маусым. – Б. 6.

2016

113. Алаш мұраты[Мәтін] : саясаттанушы Берік Әбдіғали мен сұхбат // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 9 қаңтар. – Б. 4–5.
114. Әлихан Бөкейханның Ахмет Байтұрсынұлына жазған хаты[Мәтін] : [мақала] // Парасат. – 2016. – № 9. – Б. 1–2.
115. Әнесұлы, Ж. Қуғынмен басталып, азаппен аяқталған ұлы ғұмыр [Мәтін]: Көрнекті қоғам қайраткері, көркемсөз шебері Міржақып Дулатов туралы сөз / Ж. Әнесұлы // Қостанай таңы. – 2016. – 29 қаңтар. – Б. 5–6.
116. Бықай, Фарида. Алаш идеясының жаршысы[Мәтін] : [ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармашылығы] / Фарида Бықай // Егемен Қазақстан. – 2016. – 22 қараша. – Б. 14.
117. Жәрімбетова, Назира. Әуликөлге Ахаң келді [Мәтін]: [мем. қайраткері Байтұрсыновқа ескерткіш орнатылды] / Н. Жәрімбетова // Егемен Қазақстан. – 2016. – 7 қыркүйек. – Б. 8

118. Қарасарт баласы Жардай, "Қазаққа алалық қайдан келді?" [Мәтін] : [мақала] / б.Ж. Қарасарт; "Айқап" № 2, 1915 // Қостанай таңы. – 2016. – 21 маусым. – Б. 10.
119. Қойгелді, М. 1916 - халық атқа қонған жыл [Мәтін]: (тарих сабақтары) / М. Қойгелді // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 1 шілде. – Б. 1–7
120. Нұрмұхамбетова, Дария. Ғылыми кітапханадағы Ахмет Байтұрсынов мұралары [Мәтін]: Ғылым ордасы" Ғылыми кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қорынан / Дария Нұрмұхамбетова // Парасат. –2016. – № 5. – Б. 19.
121. Оспанова, Қ. Аханның әлемін әспеттеген[Мәтін] : ескерткіш Әуликөлде бой түзеді / Қ. Оспанова // Қостанай таңы. – 2016. – 7 қыркүйек. – Б. 1, 2.
122. Сағынтаев, Батырлан. "Ахметбек-Жүсіпбек" жыры кімдікі?[Мәтін] : [А. Байтұрсынұлының шығармалары туралы] / Батырлан Сағынтаев // Қостанай таңы. – 2016. – 3 ақпан. – Б. 14.
123. Сәрсекеев, Қоғабай. Қазақтың үш арысы [Мәтін]: [Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов,Әлихан Бөкейханов туралы] / Қ. Сәрсекеев // Қазақ. – 2016. – 26 ақпан. – Б. 6.
124. Сәрсекеев, Қ. Қазақтың үш арысы[Мәтін] : [Алаш арыстары туралы] / Қ. Сәрсекеев // Қазақ. – 2016. – 5–12 шілде. – Б. 6.
125. Сәрсекеев, Қ. Қазақтың үш арысы [Мәтін]: [Алаш арыстары туралы] / Қ. Сәрсекеев // Қазақ. – 2016. – 19–26 тамыз. – Б. 8.
126. Смағұлова, С. Арыстары алаштың [Мәтін]: [Алаш қозғалысының Алаш қайраткерлері туралы] / С. Смағұлова // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 9 желтоқсан. – Б. 8.
127. Торғауытқызы, Гүлмаржан. "Қазақ" газеті және Ахан атындағы университет [Мәтін] : [Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай Мемлекеттік университеті мен "Қазақ" газетінің байланысы жайлы] / Гүлмаржан Торғауытқызы // Қазақ. – 2016. – 2–16 қыркүйек. – Б. 7.
128. Жақыпов, Жантас. Ғалымжан Ибраһимов түркі-татар ойшысы, түркі-татар білгірі, түркі-татар жазушысы [Мәтін] : Ахмет Байтұрсынұлының татар тіліндегі мақаласы табылды / Жантас Жақыпов // Егемен Қазақстан. – 2016. – 26 қаңтар. – Б. 6.
129. Тайшыбай, З. "Байтұрсынов ісі" [Мәтін] : [31 мамыр - қуғынсүргін құрбандарын еске алу күні] / З. Тайшыбай // Заң газеті. – 2011. – 31 ақпан. – Б. 4.
130. Тәуелсіздік және Алашорда миссиясы [Мәтін]: [Алаш идеясын зерттеу мәселелері туралы пікір] // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 9 желтоқсан. – Б. 6–7.
131. Ысқақұлы, Д. Жер мәселесі - қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі : [ұлт көсбасшыларының ішінен Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтың жер мәселесіне қатысты осыдан бір ғасыр бұрын айтып кеткен ұлағатты ойлары] / Д. Ысқақұлы // Түркістан. – 2016. – 14 шілде. – Б. 9.

132. Ұлт ұйытқысы : 5 қыркүйек - Ахмет Байтұрсынұлының туған күні : [әдебиетші Ербол Тілешевпен сұхбат] // Қостанай таңы. – 2016. – 6 қыркүйек. – Б. 10.

2017

133. А. Байтұрсынұлының нақыл сөздері [Мәтін] : [ақынның мұрасы] // Парасат. – 2017. – № 8. – Б. 9.
134. А. Байтұрсынов мұражайы ашылды [Мәтін]: [бастауыш гимназияда Ахмет Байтұрсынов мұражайы ашылды] / "Торғай - ақпарат" // Торғай. – 2017. – 22 желтоқсан. – Б. 1
135. Ағытай, Ибраһим. Ахан мұрасының қамқоршысы [Мәтін]: [Райхан Сахыбекқызы Имаханбет туралы] / Ибраһим Ағытай // Ана тілі. – 2017. – 2–9 наурыз. – Б. 8.
136. Алаштың ардақтысы [Мәтін]: Әлихан Бөкейханнан Әлімхан Ермековке дейін : Ахмет Байтұрсынұлы // Қазақ. – 2017. – 17–24 ақпан. – Б. 7.
137. Амантайұлы, Д. Құғын-сүргін құрбандарына құрмет [Мәтін] : [жазықсыз жазаланғандар туралы] / Д. Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2017. – 2 маусым. – Б. 1.
138. Амантайұлы, Д. Тәуелсіздікке тарту [Мәтін] : Үш бірдей мектепте мұражай ашылды / Д. Амантайұлы // Арқалық хабары. – 2017. – 22 желтоқсан. – Б. 1.
139. Асқарұлы Арман, Азаттық жолында [Мәтін]: "Алаш" партиясы мен Алашорда үкіметіне 100 жыл! / Арман Асқарұлы // Парасат. – 2017. – № 3. – Б. 16–18.
140. Ахмет Байтұрсынұлы [Мәтін] : (алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлы жайында) // Егемен Қазақстан. – 2017. – 17–24 ақпан. – Б. 7.
141. Ахмет Байтұрсынұлын еске алды [Мәтін] : [қазақ күресінен турнир өтті] // Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2017. – 15 желтоқсан. – Б. 18.
142. Кәкен, Амантай. "Қазақ өнерлі халықтардың қатарына кіруі керек" [Мәтін]: [Қазақстанның XX ғ. 20-ж. баспасөзі туралы] / Амантай Кәкен // Егемен Қазақстан. – 2017. – 19 қазан. – Б. 8.
143. Ағытай, И. АХАҢ - ұлттық руханияттың үлі тіні [Мәтін] : [жазушы Ахмет Байтұрсынұлы] / И. Ағытай // Қостанай таңы. – 2017. – 5 қыркүйек. – Б. 8.
144. Алаштың ардақтысы [Мәтін]: Әлихан Бөкейханнан Әлімхан Ермековке дейін : Ахмет Байтұрсынұлы // Қазақ. – 2017. – 17–24 ақпан. – Б. 7.

145. Асқарұлы, Арман. Азаттық жолында [Мәтін]: "Алаш" партиясы мен Алашорда үкіметіне 100 жыл! / Арман Асқарұлы // Парасат. – 2017. – № 3. – Б. 16–18.
146. Әнес, Ғ. Әрі лирик, әрі физик Елдес Омарұлы / Ғ. Әнес // Аманкелді арайы. – 2017. – 28 шілде. – Б. 4.
147. Әнес, Ғарифолла. Қос мұңылық: Телжан мен Шаһзада [Мәтін]: [алаш арысы Шонанов пен жұбайы дәрігер Шонанова туралы дерек] / Ғарифолла Әнес // Ана тілі. – 2017. – 10–16 тамыз. – Б. 2.
148. Әнесұлы, Жұмат. Ағайынды Біржановтар [Мәтін] : ("Алаш" партиясы мен "Алашорданың" құрылғанына - 100 жыл толуына орай) / Жұмат Әнесұлы // Қазақ. – 2017. – 21 шілде. – Б. 9.
149. Әуезов, Мұхтар. Ақаңның елу жылдық тойы (юбилей) : [Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 145 жыл толуы қарсаңында] / М. Әуезов // Аманкелді арайы. – 2017. – 13 қазан. – Б. 3.
150. Елеуқенов, Ш. Ақпан, Қазан революциялары һәм алаш әдебиеті [Мәтін] : Әнес, Ғ. Әрі лирик, әрі физик Елдес Омарұлы / Ш. Елеуқенова // Аманкелді арайы. – 2017. – 28 шілде. – Б. 4.
151. Елеуқенов, Ш. Алаштану, тәуелсіздік және ана тілі [Мәтін] : [мақала] / Ш. Елеуқенов // Егемен Қазақстан. – 2017. – 28 шілде. – Б. 7.
152. Ерденқызы, Рысты. Мен Іңкәрді көрдім.. [Мәтін]: [жазылған жайдың жалғасы] / Рысты Ерденқызы // Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2017. – 17 наурыз. – Б. 18.
153. Дуанбаева, Ә. Мәңгілік ел жадында [Мәтін]: 8 желтоқсан А. Байтұрсыновтың ату жазасына кесілгеніне 80 жыл / Ә. Дуанбаева // Қостанай таңы. – 2017. – 8 желтоқсан. – Б. 11.
154. Жәрімбет, Н. Ірі кісі [Мәтін]: [Үмбетей батыр ұрпақтарының бірі Ибрагим Ағытаев туралы] / Н. Жәрімбет // Егемен Қазақстан. – 2017. – 24 қазан. – Б. 9.
155. Жәрімбет, Нәзира. Музейге тартылған ерекше сыйлық [Мәтін]: [ағайынды Бектұрғановтар тарту еткен ұлт ұстазы А. Байтұрсынов пен оның жары Бәдрисафаның портреті] / Нәзира Жәрімбет // Егемен Қазақстан. – 2017. – 20 қараша. – Б. 12.
156. Жұртбай, Тұрсын. Қазақ шекарасын Ахмет, Әлихан, Әлімхан Ленин мен Сталинге қалай заңдастыртты?[Мәтін] : [Алаш партиясының мен Алаш - Орда автономиясына - 100 жыл!] / Тұрсын Жұртбай // Аманкелді арайы. – 2017. – 9 маусым. – Б. 3.
157. Кәрімхан, Заңғар. Арыстардың ақыры [Мәтін]: [Алаш арыстарының соңғы сөздері] / З. Кәрімхан // Қазақ. – 2017. – 3 қараша. – Б. 8, 11.
158. Кенжеғозина, Злиха. Баба рухы ; Ұлт көсемі [Мәтін]: [өлеңдер] / Злиха Кенжеғозина // Қостанай таңы. - ("Қостанай ақшамы" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы). – 2017. – 27 қазан. – Б. 12.

159. Қойшыбаев, Бейбіт. Қожықов әліппесі [Мәтін] : [мақала] / Бейбіт Қойшыбаев // Егемен Қазақстан. – 2017. – 9 қазан. – Б. 12.
160. Әнес, Ғ. Қос мұңылық: Телжан мен Шаһзада [Мәтін]: [алаш арысы Шонанов пен жұбайы дәрігер Шонанова туралы дерек] / Ғ. Әнес // Ана тілі. – 2017. – 10–16 тамыз. – Б. 2.
161. Қуандықұлы, Қ. Азаптау алаш көсемдері мен қайраткерлерінен басталды [Мәтін]: 31 мамыр - Қазақстандағы қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні / Қ. Қуандықұлы // Аманкелді арайы. – 2017. – 26 мамыр. – Б. 5.
162. Құсекеева, Гүлшат. Қазақтың рухани көсемі [Мәтін] : [мәнерлеп оқу сайысы] / Г. Құсекеева // Қостанай таңы. – 2017. – 25 қазан. – Б. 8.
163. Майлықұтова, Мәрия. Пікірталас нүктесі қойылды ма? [Мәтін]: (Тағы да латын әліпбиі нақында...) / Мәриям Майлықұтова // Парасат. – 2017. – № 5. – Б. 8–11.
164. Мұсабаев, Х. Қан шеңгел [Мәтін]: (поэма): немесе Ахмет Байтұрсыновтың назасы Файзоллаға хат / Х. Мұсабаев // Аманкелді арайы. – 2017. – 10 қараша. – Б. 4–5.
165. Нұрғалиева, Қымбат. Кемел елдің кемеңгер қаламгерлері [Мәтін]: [Алаш партиясы мен Алаш-Орда автономиясына - 100 жыл] / Қымбат Нұрғалиева // Қостанай таңы. – 2017. – 6 қазан. – Б. 10.
166. Нүсіп, Алмас. Ұлт ұстазы ұлықталады [Мәтін]: [Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 145 жыл толуы қарсаңында] / Алмас Нүсіп // Егемен Қазақстан. – 2017. – 27 наурыз. – Б. 9.
167. Оспанұлы, С. Ахмет Байтұрсынұлы [Мәтін]: [өлең] / С. Оспанұлы // Балдырған. – 2017. – № 2. – Б. 6.
168. Оспанұлы, Серікбай. Үндестік сыры [Мәтін]: [үш алып Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев және А. Байтұрсыновтың заңға деген көзқарастары] / Серікбай Оспанұлы // Қостанай таңы. – 2017. – 14 ақпан. – Б. 6.
169. Құрманбайұлы, Шерубай. Алаш және аударма [Мәтін] : [отандық аударматанудың тарихы] / Ш. Құрманбайұлы // Ана тілі. – 2017. – 10–16 тамыз. – Б. 5.
170. Салқынбай, Анар. Жаңғырудың негізгі шарты [Мәтін]: [латын қарпіне көшу] / Анар Салқынбай // Қазақ әдебиеті. – 2017. – 14 шілде. – Б. 20.
171. Сейіл, Айгүл. Алаштың "Ақ келіні" [Мәтін]: [Алаш қайраткері А. Байтұрсыновтың жары Бадрисафа туралы] / Айгүл Сейіл // Егемен Қазақстан. – 2017. – 16 тамыз. – Б. 9.
172. Серікбаев, Нағашыбай. Аханның Іңкәрі қай Іңкәр? [Мәтін] : [ақын А. Байтұрсыновтың әндерінің тарихы] / Нағашыбай Серікбаев // Қостанай таңы. – 2017. – 15 ақпан. – Б. 9.
173. Серікбаев, Нағашыбай. Қолда барды бағалай білейік [Мәтін]: [Байтұрсыновтың мұражайын ашу мәселесі] / Нағашыбай Серікбаев // Қостанай таңы. – 2017. – 8 ақпан. – Б. 6.

174. Сығай, С. Үш көсем [Мәтін]: [өлең] : [Алаш қайраткерлері А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатовқа арнау] / С. Сығай // Аманкелді арайы. – 2017. – 26 мамыр. – Б. 5.
175. Тазабекқызы, Дина. Ахметтану тағылымы [Мәтін] : [ҚР ұлттық кітапханасының ұйымдастыруымен өткен конференция] / Дина Тазабекқызы // Ана тілі. – 2017. – 17–29 наурыз. – Б. 4.
176. Талғатқызы, Алмагүл. Ел есімі ел есінде ме? [Мәтін] : "Қазақтың Ламаносовы" атанған Елдес Омарұлына арналған шара Қостанайда өтті / А. Талғатқызы // Қазақ. – 2017. – 24–31 наурыз. – Б. 7.
177. Тәуелсіздік және Алашорда миссиясы [Мәтін]: [Алаш идеясын зерттеу мәселелері туралы пікір] // Қазақ әдебиеті. – 2016. – 9 желтоқсан. – Б. 6–7.
178. Уахитұлы, Б. Әліпби қабылдауға байланысты ұсынысымыз бар [Мәтін] : [Елбасы мақаласы] / Б. Уахитұлы // Аманкелді арайы. – 2017. – 29 қыркүйек. – Б. 3.
179. Ұлттың ұйытқысы [Мәтін] : ҚМДБ-ның Қостанай облысы бойынша өкілдігінің баспасөз қызметі // Қостанай таңы. – 2017. – 28 сәуір. – Б. 7.
180. Ұлылар ұлағаты [Мәтін] : Алаш партиясының мен Алаш - Орда автономиясына - 100 жыл! / [газ. ред.] // Аманкелді арайы. – 2017. – 1–6 қаңтар. – Б. 6.
181. Файзуллин, Бейбітқали Досетұлы. Ахаң-Жахаңды қолдаған алаш азаматы [Мәтін]: Имам Нұрхан Рысқұлұлының туғанына 130 жыл / Б. Д. Файзуллин // Аманкелді арайы. – 2017. – 18 тамыз. – Б. 4–5.
182. Ілиясова, Күлпәш. Қазақ қасіреті [Мәтін] : Тарих-тағылым / Күлпәш Ілиясова // Қазақ. – 2017. – 3–10 ақпан. – Б. 7.

2018

183. Айтбайұлы, Өмірзақ. Терминжасам сардары [Мәтін] : [ғалым, жазушы Ісләм Жарылғапов] / Өмірзақ Айтбайұлы // Егемен Қазақстан. – 2018. – 24 қазан. – Б. 8.
184. Қасым, Азамат. Алаш қаласында - "Ахметтің аманаты" [Мәтін] : [драмасы сахналанды] / Азамат Қасым // Егемен Қазақстан. – 2018. – 7 наурыз. – Б. 10.
185. Сарқыт, Әсел. Ахан туған қыстау [Мәтін] : [ақын Ахмет Байтұрсыновтың дүниеге келген үйді қалыпқа келтіру жұмыстары] / Әсел Сарқыт // Ана тілі. – 2018. – 5–11 шілде. – Б. 8.
186. Асан, Мирас. Тарих тәбәрігіндей төрт кітап [Мәтін] : [кітаптың тұсаукесері] / Мирас Асан // Егемен Қазақстан. – 2018. – 9 ақпан. – Б. 3.
187. Ахаңның үйі жөнделді [Мәтін] : [Алаш қайраткері А. Байтұрсыновтың үйі] / [ҚазАқпарат] // Қостанай таңы. – 2018. – 4 шілде. – Б. 15.

188. Әлпейісова, Камал. Ахаңның ата қонысын қастерлей білу борышын [Мәтін]: [жазушы Ахмет Байтұрсынов] / Камал Әлпейісова // Қостанай таңы. – 2018. – 5 қыркүйек. – Б. 7.
189. Жәрімбет, Н. Атажұрттағы арналы басқосу [Мәтін]: [Қостанайда өткен конф. туралы] / Н. Жәрімбет // Егемен Қазақстан. – 2018. – 13 маусым. – Б. 11.
190. Жәрімбет, Нәзира. Ұлт ұстазы туралы [Мәтін] : [Ахмет Байтұрсынов туралы кітап жарық көрді] / Н. Жәрімбет // Егемен Қазақстан. – 2018. – 15 маусым. – Б. 10.
191. Қамзабекұлы, Дихан. Алаштың "23 жоқтауы" [Мәтін]: [А. Байтұрсыновтың бай рухани мұрасы] / Дихан Қамзабекұлы // Алдаспан. – 2018. – № 7–8. – Б. 12–15.
192. Қоңқабай, Шұға. Ахаң тұрған үй қалпына келтіріледі [Мәтін]: [Алаш қайраткері А. Байтұрсыновтың үйі] / Шұға Қоңқабай // Қостанай таңы. – 2018. – 12 маусым. – Б. 4.
193. Қоңқабай, Шұға. Орыс ғалымы Ахаң туралы кітап жазды [Мәтін] : [Татьяна Тугай] / Ш. Қоңқабай // Қостанай таңы. – 2018. – 16 ақпан. – Б. 16.
194. Құлабаев, Н. Байтұрсынов атындағы білім жарысы [Мәтін]: [республикалық байқау] / Н. Құлабаев // Қостанай таңы. – 2018. – 7 қыркүйек. – Б. 1, 2.
195. Музей-үйдің ахуалы маз емес [Мәтін]: [А. Байтұрсынұлы мұражай-үйінің директоры Райхан Имаханбетпен сұхбат] // Қостанай таңы. – 2018. – 7 қыркүйек. – Б. 5.
196. Нұрғалымұлы, Ұларбек. Ахаңның тағылымы [Мәтін] : [ғалым А. Байтұрсынов] / Ұ. Нұрғалымұлы // Егемен Қазақстан. – 2018. – 24 қазан. – Б. 8.
197. Санақбекқызы, Нұрсұлу. Алаштың үні, тарихтың көзі [Мәтін] : [Қазақ " газеті ұлт ұйтқысы] / Нұрсұлу Санақбекқызы // Қазақ. – 2018. – 23–30 наурыз. – Б. 1.

2019

198. Айтмағамбетұлы, Роман. Торғай мұражайлары сыр шертеді [Мәтін] / Р. Айтмағамбетұлы // ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 8 қараша. – Б. 6 ; – 15 қараша. – Б. 6.
199. Әбсадық, Алмасбек. Ахаңның әдеби мұрасы [Мәтін] : Ұлт ұстазының 124 жыл бұрын "Тургайская газетада" жарияланған "Киргизские приметы и пословицы" атты мақалаасы / Алмасбек Әбсадық // Қазақ. – 2019. – 21 мамыр. – Б. 4.

200. Әбсадық, А. Ахаңның тырнақалды туындысы [Мәтін]: [жазушы Ахмет Байтұрсынұлының] / А. Әбсадық//Қостанай таңы. – 2019. – 6 қыркүйек. – Б. 4.
201. Байділдин, Ш. Ұсынысым бар[Мәтін] : Қазақ халқының Тәуелсіздігі мен бостандығы жолында құрбан болған ерлер бір жерге жерленсе екен / Ш. Байділдин //ARQALYQ habary = Торғай. – 2019. – 1 наурыз. – Б. 4.
202. Қапалбек, Б. Шетелден әліпи үлгісін импорттауды қою керек [Мәтін]: (Ақаңның әліпбиін темірқазық етсек, адаспаймыз) / Б. Қапалбек // Қазақ әдебиеті. – 2019. – 23 тамыз. – Б. 16, 17.
203. Қиысханұлы, Қ. Ахаң жүрген ізбенен [Мәтін]: [мемлекет және қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов туралы] / Қ. Қиысханұлы // Қостанай таңы. – 2019. – 16 сәуір. – Б. 5.
204. Қойшыманов, Қасқырбай. Ел ағасы не дейді? [Мәтін]: [қаламгер Ибрагим Ағытайұлы жазушы Ахмет Байтұрсынұлы туралы] / Қ. Қойшыманов // Қостанай таңы. – 2019. – 6 қыркүйек. – Б. 4.
205. Оразбаева, Фаузия. Тілді меңгеру мектебі [Мәтін]: (Ғалым Шамғали Сарыбаевтың тілдік рухани мұрасы) / Фаузия Оразбаева //Ана тілі. – 2019. – 18–24 сәуір. – Б. 8.
206. Орынай Жұбаева: Байтұрсынұлының грамматикасы әлі зерттелген жоқ... [Мәтін]: [ғалыммен сұхбат] // Қостанай таңы. – 2019. – 6 қыркүйек. – Б. 5.
207. Төлеуханқызы, Анар. Ахметтанушыларға арзу[Мәтін] : ["Қаншеңгел" поэмасының авторлығы жайында] / Анар Төлеуханқызы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2019. – 1 тамыз. – Б. 9.

2020

208. Абай туралы жазылған алғашқы мақала[Мәтін] : [1913 жылғы А. Байтұрсыновтың жазған мақаласы] / «Қазақ» газеті, 1913 жыл BAQ.KZ //Amankeldi araiy. – 2020. – 31 қаңтар. – Б. 5.
209. Абақты жолы [Мәтін]: [31 мамыр - саяси қуғын - сүргін құрбандарын еске алу күні] / (дереккөз «Алашорда» фотоальбомы // Qazaq. – 2020. – 2 маусым. – Б. 6.
210. Асқар, Әлібек. Сүйенетін тамырың, сыйынатын тәңірің[Мәтін] : [5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні] / Әлібек Асқар // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 4 қыркүйек. – Б. 9.
211. Әнес, Ғ. Ұлттың ұлы ұстазы [Мәтін]: (Ағартушының педагогикалық еңбектері хақында) / Ғ. Әнес //Ана тілі. – 2020. – 17–23 қыркүйек. – Б. 1, 2.
212. Жолмұхамбетова, В. Алаш қайраткерлерінің мемлекеттік туралы идеяларының өзектілігі мен маңызылығы[Мәтін] : [Алаш зиялылары туралы] / В. Жолмұхамбетова // Қазақстан тарихы. – 2020. – № 5. – Б. 3–11.

213. Жұмаділов, Қ. Біз Абайды танып болдық па? [Мәтін]: [Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы] / Қ. Жұмаділов // Парасат. – 2020. – № 7. – Б. 6–9.
214. Қазақтың бас ақыны [Мәтін] : (Ахмет Байтұрсыновтың 107 жыл бұрын «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласы) / «Қазақ» газеті, 1913 жыл // Қазақ. – 2020. – 4 тамыз. – Б. 6.
215. Құлабай, Нұрқанат. Бестамақта жазылған беймәлім мақала [Мәтін]: Ахмет Байтұрсынұлының тағы бір мақаласы табылды / Н. Құлабай // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 13 қазан. – Б. 15.
216. Малдыбай, А. Д. Ахмет Байтұрсыновтың әліпби реформасы [Мәтін] : Бай тілі, төл жазушы бар қазақтың / А.Д. Малдыбай // Алдаспан. – 2020. – № 3–4. – Б. 10–13.
217. Матыжанов, Кенжехан. Құғын-сүргінге ұшыраған ұстаздар [Мәтін] : [мақала] / К. Матыжанов // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 5 қазан. – Б. 10.
218. Нуров, Тимур. Қалқаман Жақып, профессор [Мәтін]: «Тарихтан тағылым – тәубеге жол ашады» : [саяси құғын-сүргін құрбандары туралы] / Тимур Нуров // Қостанай-АГРО. – 2020. – 28 мамыр. – Б. 17.
219. Оспанов, С. Ұлт мұраты: оқу-білім, тәлім-тәрбие [Мәтін] : [білім туралы] / С. Оспанов // Қостанай таңы. – 2020. – 1 сәуір. – Б. 5.
220. Оспанұлы, С. Ар [Мәтін]: (Поэма) / С. Оспанұлы // Қостанай таңы. – 2020. – 15 қаңтар. – Б. 6 ; 17 қаңтар. – Б. 12 ; 21 қаңтар. – Б. 6 ; 22 қаңтар. – Б. 9 ; 24 қаңтар. – Б. 10 ; 28 қаңтар. – Б. 5 ; 29 қаңтар. – Б. 6.
221. Өтемұрат, Орынбек. Жаңа «Әліппе» қалай құрастырылады? [Мәтін] : [мақала] / Орынбек Өтемұрат // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 3 қараша. – Б. 1, 7.

2021

222. Айқадамова, А. Алты Алашқа ортақ қазына [Мәтін] : [Ы. Алтынсарин мемориалдық музейінде ағартушы Ахмет Байтұрсынұлына арналған «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» ауыспалы көрмесінің ашылуы өтті] / А. Айқадамова; // Қостанай таңы. – 2021. – 13 сәуір. – Б. 4.
223. Асанкелдіұлы Абай, Әскери ынтымақтастық күшейеді : [отырыс] / А. Асанкелдіұлы // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2021. – 23 желтоқсан. – Б. 2.
224. Асқар Әлібек, Сүйенетін тамырың, сыйынатын тәңірің [Мәтін]: [5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні] / Әлібек Асқар // EGEMEN QAZAQSTAN. – 2020. – 4 қыркүйек. – Б. 9.
225. Әбдіқалық, Күнімжан. Ахмет Байтұрсынұлы және «Маса» [Мәтін]: [ақынның қазақ ұйықы бермеген «Маса» атты өлеңі туралы] / Күнімжан Әбдіқалық // Қазақ әдебиеті. – 2021. – 9–15 қазан. – Б. 12.

226. Достиярова, Т. Әліппе – білім бастауы [Мәтін]: [оқу жылындағы басты ерекшеліктер] / Т. Достиярова // *Amankeldi araiy.* – 2021. – 8 қазан. – Б. 7.
227. Қайратұлы, Бекен. Алаш арыстарының Шәуешекке сапары [Мәтін] : [мақала] / Б. Қайратұлы // *EGEMEN QAZAQSTAN.* – 2021. – 21 қаңтар. – Б. 12.
228. Құлабай, Нұрқанат. Ұлт ұстазына қатысты жәдігерлер [Мәтін]: [Қостанайдағы Ы. Алтынсарин мемориалдық музейінде Алаштың рухани көсемі А. Байтұрсынұлының 150 ж. арналған «Ұлы даланың ұлы тұлғалары» атты көшпелі көрме жұмысын бастады] / Нұрқанат Құлабай // *EGEMEN QAZAQSTAN.* – 2021. – 16 сәуір. – Б. 15.
229. «Соңғы үкім» [Мәтін]: [фильм қазақтың көрнекті ағартушысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 150 жыл толуына арналған] / [газ. ред.] // *Қостанай таңы.* – 2021. – 30 қараша. – Б. 8.
230. Ұлт ұстазына тағзым [Мәтін] : [Ыбырай Алтынсарин мемориалдық мұражайында Алаш қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған көшпелі көрме жұмысын бастады] // *Қостанай-АГРО.* – 2021. – 22 сәуір. – Б. 17.

2022

231. Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы Юнеско көлемінде атап өтілмек [Мәтін]: Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл / [газ. ред.] // *Amankeldi araiy.* – 2022. – 21 қаңтар – Б. 4.
232. Әбіш, Маржан. Ұлт тұлғалары ұлықталады [Мәтін]: [Ахмет Байтұрсыновтың туғанына – 150 жыл ; Мұхтар Әуезовтың туғанына – 125 жыл] / Маржан Әбіш // *EGEMEN QAZAQSTAN.* – 2022. – 1 қаңтар. – Б. 5.
233. Жандосқызы, Ә. Портреттік кеш[Мәтін] : [ағартушы-ғалым Ахмет Байтұрсыновтың 150 жыл толуына орай Н. Островский атындағы қалалық кітапханасында онлайн портрет кеші өтті] / Ә. Жандосқызы // *Қостанай таңы.* – 2022. – 2 ақпан. – Б. 8.
234. Қиысқан, Қыдырбек. Мерейтойға толы жыл[Мәтін] : [2022] / Қыдырбек Қиысқан // *Қостанай таңы.* – 2022. – 21 қаңтар. – Б. 6.

Ахмет Байтұрсынұлы туралы айшықты ойлар

... өзге оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар һәм имандарын сатып жүргенде, Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл.

Сәкен Сейфуллин

... А. Байтұрсыновтың өлеңдері өзінің сыртқы қарапайымдылығы, ішкі мазмұны, жеңілдігі және біркелкілігі жағынан қазақ әдебиетінде бірінші орын алады... А. Байтұрсыновтың арқасында санасыз түрде болмаса да шын мәнінде орыстана және татарлана бастаған қазақ зиялыларының бір тобы дереу есін жиып, ... өз ағаттықтарын түсіне бастады...

Міржақып Дулатов

Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны- “Қырық мысал”, “Маса”, “Қазақ” газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер- білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.

Мұхтар Әуезов

Ломоносовтың бойында екі түрлі қабілет бар- ақындық пен ғалымдық, оның соңғысы алғашқысына қарағанда күштірек”- деген еді В. Белинский. Осыған ұқсас жайды Ахмет бойынан да көреміз. Оның ақындығын ғалымдығы жеңіп кетті... Қазақ даласына азаттық идеясы тарай бастаған тұста жаңа поэзияның бастаушысы, алғашқы ту ұстаушысы болып Ахмет қашан да тарих биігінде тұрады.

Серік Қирабаев

Екі жинақ - “Қырық мысал”, “Маса”- қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектерімен байытты; Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам- тарам жүлгелерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болады.

Рымғали Нұрғалиев

Сан салалы ғалым Ахмет Байтұрсынов туған тілдің, туған мәдениеттің басында тұрды. Туған тілдің әдеби нормасын жасады. Бірде- бір бөгде тілдің сөзін қоспай, бірде- бір цитата келтірмей, таза, мөлдір тілмен өзі тапқан қисынды баламалармен “Әдебиет танытқышты” жазып шықты.

Сырбай Мәуленов

Біз бүгін Ахаңның “Әдебиет танытқышын” Аристотель “Поэтикасымен” салыстырар едік. Мұның мәнісі- екеуі де: бірі грек әдебиетінің, екіншісі қазақ әдебиетінің алғашқы әліп- билері”. Асылы, үздік қасиеттер бір- бірінен неғұрлым ерекше болса, бір-біріне солғұрлым ұқсас болады”.

Зейнолла Қабдолов

Қазақ тілі мен кітабын жазған, қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргетасын қалаған алғашқы адам- Ахмет.

Сәбит Мұқанов

Ұлы ағартушы Алтынсариннің бастамасын ілгері дамытып, нағыз ғылымдық дәрежеге көтеріп, жетер жеріне жеткізіп берген- Ахмет Байтұрсынов.

Қайым Мұхамедханов

... Бір кезде сары маса боп ызыңдап оятқан Ахметті қазақ еңбекшілері де қадірлей біледі, сөзін оқып, сүйсінеді.

Ғаббас Тоқжанов

Ахмет Байтұрсынов- біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліпшесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жаңашыл ағартушы. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсыновтың әліп-биімен ашып, ана тілін Байтұрсыновтың “Тіл құралы” арқылы оқып үйренді.

Рабиға Сыздықова

Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары

Қартайған арыстан

Қартайып, Арыстанның әлі кетті,
Айбынды жұрт қорқатын сәні кетті.
Бетіне жан келмейтін уақыттар
Артына бір қарамай, бәрі кетті.
Аяқта дәрмен қалды жүрерлік-ақ,
Тым қарттық жас емес қой көрерлік-ақ.
Тіс түсіп, тырнақ мұқап, қайрат кетіп,
Жайы бар тыныш жатып өлерлік-ақ.
Тынышына қоймады оны өзге аңдар,
Бата алмай, «сені ме?» деп жүрген жандар.
Анау да, мынау да өшін алып жатыр
Қашаннан Арыстанда кегі барлар.
Ат тепті, Қасқыр қапты етін үзіп,
Біресе жаралады Өгіз сүзіп.
Қинады әркім келіп білгенінше,
Арыстан үн шығармай жатты төзіп.
Бңыранып жатыр еді өлейін деп,
Қасына Есек келді көрейін деп.
Артықша жанға батар жерін таңдап,
О да тұр Арыстанды тебейін деп.
«Я, Раббым, - сол уақытта деді Арыстан,
Мен түгіл, үркуші еді Ат қамыстан.
Бұл Өгіз, мынау Қасқыр тимек түгіл,
Зәресі ұшушы еді, көрсе алыстан.
Дариға, ол заманның бәрі өтті,
Кәрілік деген бәле келіп жетті.
Тіс түсіп, тырнақ мұқап, әл кеткен соң,
Сорыма бәрі мұның ер боп кетті.
«Төбем» деп келіп тұрған мынау
Есек, Аяқта жатушы еді болып төсек.
Кешегі дәурен баста тұрған шақта,
Мұны кім етуші еді жан деп есеп.
Көп шығар, жоқ демеймін, кінәм менің,
Ризамын бақ, бәлеңе бірдей сенің.
Тұяғын сол жаманның тигізбей ал,
Қорлықтан мұнан көрген, жеңіл өлім!»
Аталған бірдей емес осы аңдар,
Ішінде жақсы, жаман, осалы бар.

Арыстан, Жылқы, Өгіз, Есекке ұқсас,
Ойласақ, табылмай ма неше адамдар?
Ерлер бар заманында дәурен сүрген,
Дұшпанын ерегiскен жалғыз бүрген.
Қартайған Арыстандай әлі кетiп,
Қаруы бұл уақытта азып жүрген.
Бақ қонса, сыйлар Алаш ағайын да,
Келе алмас жаман батып маңайыңа.
Басыңнан бақыт құсы ұшқан күні
Құл-құтан басынады малайың да.

Анама хат

Қарағым, дұғагөйім, қамқор анам!
Арнап хат жазайын деп, алдым қалам.
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді Хақ тағалам!
Бара алмай, өтірікші болып әбден,
Семейдің түрмесінде отыр балаң.
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,
Өкімет, өр зорлыққа не бар шараң!
«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,
Жолдар көп жәннатқа да тарам-тарам.
Оқ тиіп он үшімде, ой түсіріп,
Бітпеген жүрегiмде бар бір жарам.
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі харам.
Адамнан туып, адам ісін етпей,
Ұялмай, не бетiммен көрге барам?!
Көп айтпай, қысқасынан сездiретiн -
Балаңның мінезі бар сөзге сараң:
Кетер деп «суға құлап, отқа түсіп»,
Қайғы жеп, менің үшін болма алаң!
Отырмын абақтының бөлмесінде,
Бұйрықсыз көз жетеді өлмесіме.
Есіктің құлпы мықты, күзетші кеп,
Ажалдан басқа ешкім келмесіне.
Қоршаулы айналасы, биік қорған,
Берік қып салған темір терезесіне.
Қалайша мұны көріп көңіл сенбес
Аттанып жау келсе де бермесіне.
Каламда Лаухул-Махфуз ұмытқан ба,

Жазбапты бұл орынды көрмесіме.

Қаңбақпен салмағың тең бұл бір заман,
Блаж жоқ жел айдаса ермесіне.
Тайпалған талай жорға, талай тұлпар
Тағдырдың кез болып тұр кермесіне.
Солардан жаным, тәнім ардақты емес,
Орынсыз күйзелейін мен несіне!

Жазушының қанағаты

Бұл сөзді біреу алмас, біреу алар,
Құлағын біреу салмас, біреу салар.
Теп-тегіс көпке ұнау оңай емес,
Кейіне жарамаса, кейіне жарар.
Қайсысы ықыласын салып тыңдап,
Жаратпай қайсыбірі, теріс қарар.
Дүниеде сүйгенім бар, күйгенім бар,
Солардан аз да болса белгі қалар.

Жұртыма

Бірлік қып іс етуге шорқақ жұртым,
Табылса оңай олжа, ортақ жұртым.
Сияқты қара қарға шуылдаған
Үрейсіз қоян жүрек қорқақ жұртым.
Білмейсің жөнің менен терісіңді,
Ел болып іс етпейсің келісімді.
Үміт қып бәйге атындай талай қосып,
Байқадық шабыс түгіл, желісіңді.
Жөн айтқан жұртшылыққа адам болса,
Шығасың қолыңа ала керісіңді.
Бытырап бет-бетіңе жөнелгенде,
Көрдік қой жайылатын өрісіңді.
Келгенде өзді-өзіңе мықты-ақсыңдар,
Қайтейін өзге десе көнгішіңді.
Сықылды сынық бұтақ төмендесең,
Кім жұлмас оңайдағы жемісіңді?!

Оқуға шақыру

Балалар!
Оқуға бар!
Жатпа қарап!
Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.
Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да:
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға.
Күн ашық, тоғайлар шат, ың-жың орман,
Оянып жан-мақұлық түнде қонған,
Шығады тоқылдақтың тоқ-тоқ даусы,
Сайрағы сарғалдақтың сыңғырлаған.
Өзенде балықшылар ау қарап жүр,
Тоғайда орақ даусы шаң-шұң орған.
Аллалап, ал кітапты қолдарыңа!
Құлдарын Құдай сүймес жалқау болған.

Тарту

Балалар, бұл жол басы даналыққа,
Келіңдер, түсіп, байқап, қаралық та.
Бұл жолмен бара жатқан өзіңдей көп,
Соларды көре тұра қалалық па?!
Даналық — өшпес жарық, кетпес байлық,
Жүріңдер, іздеп тауып алалық та!

Туысыма

Болармын нағып ырза туысыма?
Туыппын таршылықтың уысында.
Шамам жоқ жан-жағыма қол сөзарлық,
Тар көрдің тығылғандай қуысына.
Айта алмай шын сөзіңді, қорғалайсың,
Туғаның бүйтіп қор боп құрысын да!
Бар пайдаң өз басыңнан артылмаса,
Мал ғұрлы мағына жоқ тұрысыңда.

Егіннің бастары

Бір адам жас баласын жанына алды,
Екеуі сайран етіп кетіп қалды.
Қыдырып әрлі-берлі жүрді дағы,
Егінші егін еккен жерге барды.
Аралап әр егінді қарап жүрді,
Кез еді пісіп болған егін түрлі.
Бастарын дөнге толған төмен салып,
Бидайлар бейне тағзым етіп тұрды.
Жалғыз-ақ бір бидай тұр көкке қарап,
Бейне бір жалғыз өзін көпке балап.
Баланың сол бидайға көзі түсіп,
Біlmекке кетті көңіл жөнін сұрап:
«Құбылып бидайлар тұр басын салып,
Жіберген мырза Құдай нұрға қанып.
«Әй, әке, мұның мәнін түсіндірші,
Бір іске тұрмын өзім қайран қалып.
Бұл Бидай көтеріп тұр басын көкке,
Қарайды шекірейіп өзі көпке.
Өзіне өзгелерді теңгермейтін,
Соншама бұл бидайдың дәні көп пе?»
«Айтайын мұның мәнін, балам, саған,
Шырағым, түрін көріп таңданба оған.
Өзгесі төмен қарап бүгілгенде,
Ойлама кем екен деп бәрі сонан».
Және де әкесі айтты баласына:
«Сұқтанба құр сорайған қарасына.
Құдайым өзгесіне дән бергенде,
Бұл бидай дәнсіз қапты арасында.
Бидайлар басы толық иіліп тұр,
Дән берген қожасына сыйынып тұр.
Басында бұл бидайдың дәні болмай,
Кекірейіп, көкке қарап, бүлініп тұр.
«Елде көп бұл бидайдай адам, - дейді,
Тәкаппар, оны халық, жаман, - дейді.
- Қалпы емес тәкаппарлық данышпанның,
Тұтынба бұл мінезді, балам», - деді.

Өзен мен Қарасу

Қарасу Өзенге айтты: «Ғажап мұның!
Мезгілің бар ма, сірә, табар тыным?
Тасисың бірде кеме, бірде салдар,
Қайықтың есебі жоқ сансыз мыңын.
Суыңда күндіз-түні тыныштық жоқ,
Қалайша шаршамайсың, жарықтығым?
Бейнетім менің егер сендей болса,
Бір күн де төзбес едім, нақ бұл шыным.
Байқасам салыстырып саған қарап,
Рақат, ұжмақ менің көрген күнім.
Ол рас, сендей атақ-дабысым жоқ,
Айбынды бұйраланған ағысым жоқ.
Планда орынды да көп алмаймын,
Қағазға сыймай тұрқым, онша ұзын боп.
Сонда да мендейрақаткөрмекқайда!
Бейнебірмамықтөсектүбіммайда.
Жұмысжоқ, уайымжоқ мен бірханым,
Салдырыпбелдентөсек, жатқанжайға.
Есепсізрақатым, бейнетім кем,
Дермісіңкөргенкүніңменіментен?
Үстімненкемелер мен салдартүгіл,
Желқайық, тымболмаса, жүремеекен?
Түседіжапырақтаркейдеғана,
Айындаекі-үшреткөпболсаең.
Мазамдыжел де алмайдытөменойда,
Қозғалмайұйқылы-ояужатқанбойға.
Осыншаәурепболыпжүргеніңе
Қаламынғажаптаныпқиял-ойға.
СолшақтаӨзенайтты: «Тоқта, надан!
Сөзіңдішығынқылмажоққа, надан!
Ісімдіәурешілік, пайдасыздеп,
Білмесен, құрөтіріксоқпа, надан!
Ағынмен су зораярдегенқайда?
Мұндайсөзхабарындажоқ па, надан?
Зорайыпболдымөзенаққаныммен,
Сендейбоптеккеқарапжатпадым мен.
Толтырыпсай-саланыжылдасуға,
Келтірдімкөпкепайдатапқаныммен.
Жайылсажержүзінедабыс-даңқым,
Оны да қарапжатыптападым мен.
Бойыммен осы аққаналмайдамыл,
Ағармынәлі де болсанешежүзжыл.

Суалыпоғандейінжатқансенің
Дүниедеатыңқалмас, суыңтүгіл».
Айттырғанперіштеме, яки жын ба,
ӘйтеуірӨзенсөзішықтышынға.
Солаққанқалыбынанжаңылмастан,
Жүздерденасыпалып, кеттімыңға.
Суалып, қоқымтосып, балдырбасып,
Қарасукүрибердіжылданжылға.
Сарқылып он жылболмай, дымы бітіп,
Су дегенжоғалдыатыақырында.
МысалыүлкенӨзентынбайаққан -
Халықтармиһнатшегіп, рақаттапқан.
Жетісіпғылым, өнербаршасына,
Толыптұрқанасынақонғанбақтан.
МеңзеймінҚарасуды, қазақ, саған
Талпынбайталапойлап, қарапжатқан.
Барадықатаржұрттыңбәріозып,
Ілгеріжылжымайсыңжалғызаттам.
Оянып, жан-жағыңа сал көзінді,
Түбіңжетпейқалмасқамсызжатқан.
Өткізіпуақытты, өкінерсің -
Бәледен, басқакелмей, деймінсақтан.
Қазағым, сал құлағыңнақылыма,
Түсініпайтқандостықақылыма.
Сөземесеріккендеермекеткен,
Айтамынжанымашыпжақыныма.
Қозғалмайбүлкүйіңмен жата берсең,
БоларсыңҚарасудайақырында.

Кісі мен арыстан

Бір аңшы ұстайды екен аңды қырып,
Ішіне қалың ағаш торын құрып.
Бір күні Арыстанға кез болыпты,
Сыртынан құрған торын бағып тұрып.
Арыстан ақырды оған аузын ашып:
«Көрейін, қимылдашы қарсыласып!
Шекірейіп: «Жан біткенге патшамын!» - деп,
Мақтанып жүруші едің судай тасып.
Қайратың мақтанатын қандай екен,
Кел бері, байқасалық күш сынасып.
Адамым, рас бізге патша болсаң,
Жүріп көр аяғыңды қадам басып!»
«Арыстан! Сенен артық емес күшім,

Сөзімді ілтипатпен тыңдап, түсін.
Ететін мені артық хайуандардан
Күш емес, өнерім мен еткен ісім.
Ол рас, сендей онша батыр емен,
Мақтаншақ, өтірікке жақын емен.
Қаншама күш жетпейтін қиын істі
Орнына келтіремін ақылыммен.
Бұл саған айтып тұрған нағыз шыным,
Шындығын көрсетейін қазір мұның.
Егер де сөзім жалған болып шықса,
Жейсің ғой сонан соң да, жарықтығым!
Сен қара: қылдай өрмек анау тұрған,
Мен едім азаптанып соны құрған.
Кішкене желге де өзі селкілдейді,
Көресің, темір емес я тас қорған.
Жүрсем де қайратына сырттан қанып,
Көзіммен көргенім жоқ әлі анық.
Әуелі мен өтейін ар жағына,
Өтерсің, мықты болсаң, бұзып-жарып».
«Тұрсың ғой күш сынарға қылдай тормен,
Ол түл, байқасқанмын онан зормен.
Сен барып, ар жағында даяр боп тұр,
Жетермін мен де қазір тура жолмен».
Жөнелді көп сөйлемей адам пақыр,
Қуанып жылдам жүріп бара жатыр.
Датынан тор-торлардың өтіп алып,
Тұрды енді: «Келсең, кел, - деп, - біздің батыр!».
Арыстан шапты торға атқан оқтай,
Қомсынып, бейне алдында нәрсе жоқтай.
Өте алмай торды бұзып, шырматылып,
Сол жерде қолға түсті ұрмай-соқпай.
Оралып жатты торға Арыстаным,
Ақылдан білді күштің қалысқанын.
Терісін Арыстанның сойып алып,
Олжалы қайтты аңшы данышпаным.

* * *

Бұл жазған бозбалаға бір өсиет,
Өнерсіз қара күште жоқ қасиет.
Ойламай, күшке сеніп еткен істің
кірары әр уақытта басқа тиед.
Демеймін күш керексіз адамзатқа,
Өнер, ой онан да артық мал мен баққа.
Өнердің жоқтығынан азып жүрміз,

Нағыз бұл Арыстандай болмасақ та.
Бұл күнде күштен ойды бұрын жұмса,
Қара күш бәйге алмай жүр осы шақта.
Амал ет заманыңның ыңғайына,
Бәйгесіз құр лағып босқа шаппа.
Ақылдан күшінді артық көріп жүрсен,
Жадына бұл кеңесті оқып сақта!

Жарлы бай

Бір күні Жарлы отырып ойға қалды,
Байларға кейбір сараң көзін салды.
«Ішіп-жеді, рақатын көрмеген соң,
Не керек, - деді, - жиып пұл мен малды?
Малыңда не қызық бар ептеп жиған,
Жаныңа еш рақат етпей жиған?
Қызығын малдың көрмей бұл дүниеде,
Алмайсың ақыретте сатып иман.
Өлесің, артыңда көп мал қалады,
Көріне кімнің малы бір барады?!
Адал сүт емген бала қалса артыңда,
Көп болса, асың беріп, там салады.
Дарифа, мен бай болсам жұрттан асқан,
Үйлерді салдырар ем қандай тастан!
Сом түгіл, мыңын бірден жұмсар едім,
Аямай киер киім, ішер астан.
Жылқымды, қымызымды, қойымменен,
Жұмсар ем қонағыма тойым менен,
Жұртымның жабықтырмай көңілін ашып
Күнде той, күнде қызық ойынменен!».
Осылай жатты ойлап кедей жазған
Кішкене лашығында жерден қазған.
Аяқта етігі жоқ, баста бөрік,
Үстінде жыртық көйлек, кір-кір, тозған.
Ақ сақал, ақ сәлделі, таяқ қолда,
Секілді жүрген адам ұзақ жолда,
Кедейдің бай болсам деп ойлап жатқан
Үйіне кіріп келді бір қарт сонда.
Орнынан кедей тұрып, сәлем берді,
Қарт оған: «Алейкүмассалам! - деді. -
Беремін мына саған әмиянды,
Бай болып, мүддеңе жет, балам, - деді. -
Көп емес, онда қазір жалғыз ділдә,

Оны алсаң, ділдә болар тағы орнында.
Оны алсаң, және орнынан ділдә шығып,
Таусылмас, ала берсең, қанша жылда.
Ұмытпа бұл сөзімді, жаным бала:
Мейілің тойғаннан соң ала-ала,
Апар да әмиянды суға таста,
Болады тұтынарға сонда ғана».
Осыны айтты да, қарт кетіп қалды,
Кедейім қуанғаннан естен танды.
Отырып аң-таң қалып, біраздан соң
Шиланды ашайын деп қолына алды.
Ішінде алтын жатыр, ашып көрсе,
(Бай болу сағатында, Құдай берсе!)
Жарлы оны бұлай алып қойып еді,
Білінді орнында бір тағы нәрсе.
О да алтын, оны қойды және алып,
«Өңім бе, түсім бе?!» - деп таңға қалып.
ЕртеденкешкедейінЖарлыотырды
Шиланнансафалтындысанапсалып.
Әмиянкүндіз-түніболдықолда,
Ас ішу, дамылалуболмадыонда.
Алтындыбөлек-бөлекүйіпотыр,
Өзіменөзікеңесқұрыпсонда.
«Мінеки, - деді, - енді мен де баймын!
Байларменжұрттанасқансайма-саймын.
Құдайымбермегенде, жаттымұйықтап,
ТұрғандаҚұдайберіп, неге ұйықтаймын?!
Шығарсамқазір алтын ұйалатын,
Онансоңбіржүзмыңынбиеалатын.
Көшкендежүктерімдіатқа артам ба,
Тағы да алтын керектүйеалатын.
Біржақсыкеңқонақүйжәнекерек,
Келсе де қаншақонақсыяалатын.
Олүйі« жібеккөрпе, жастықкерек,
Болмайынқонақтарданұялатын.
Сиыр мен мынау алтын қойға, - деді,
Аналар, қатыналсам, тойға, - деді. -
Жұмсармынмұнансоңғыалтындарды
Қаражат, киім-кешекбойға», - деді.
Табылдыбіріненсоңбірқажеті,
Күнтүгіл, өттісолайнешежеті.
Жемедіондытамақ, көрмедіұйқы,
Тұрғандайауруданболдыбеті.
Ай түгіл, әлденешежылөтеді,

Алса, ендібәріне де пұлжетеді.
Өзенгеәмияндыалыпкеліп,
Тастауғақимай, қайтыпәкетеді.
Шиландықайтыпалыпкеледіүйге,
Шыдамақжәнеқиынаштықкүйге.
«Тұрғандақолдаәмиян, алтындарға, -
Тағы бар қарттыңсөзідеген, - тиме!»
Ағарыпсақал-шашы, қаридыенді,
Төніндеқусүйекқап, аридиденді.
Қызығынмалдыңжұмсапкөретұғын
Мезгілдіңкеттіөтіпбәрі де енді.
Адастыақылынандеугежынды,
Санайдыбіржаңылмайсоншамыңды.
Осындайішпей-жемейжиғандәулет,
Қараңыз, ақырындаментынды?
Үстінебүтінкөйлекалмайсатып,
Алмастаназық-түлік, жарап-қатып,
Баяғылашығындажантапсырды,
Оныншымилиондысанапжатып.

* * *

Біремес, толыпжатыросындайкеп,
Бар болып, жоқтыңісіністейтінкеп.
Малы көп, көңіліжарлыадамдарға
Атқойғанқаншатерісжарлы бай деп?
Жаманғойжарлылықкүйадамзатқа,
Жақсыемесрақатсызбайлық, бақ та.
Мал жиып, бай болудыталапеткен,
Есіндебұлкенестіұғыпсақта!

Шығармалары

Байтұрсынұлы шығармашылық жұмысын өлең жазудан бастаған. Онда ол еңбекші халықтың ауыр халін, арман-тілегін, мұң-мұқтажын көрсетіп, жұртшылықты оқуға, білім-ғылымға, рухани биіктікке, адамгершілікке, мәдениетті көтеруге, еңбек етуге шақырады. Патшалық Ресейдің қанаушылық-отаршылдық саясатын, шенді-шекпендінің алдында құлдық ұрған шенеуніктердің опасыздығын сынады. Ақынның алғашқы өлеңдері «Қырық мысал» атты аударма жинағында 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрді. Бұл кітабы арқылы қалың ұйқыда жатқан қараңғы елге жар салып, олардың ой-санасын оятуға бар жігер-қайратын, білімін жұмсайды. Ақын әрбір аудармасының соңына өзінің негізгі ойын, айтайын деген түйінді мәселесін халқымыздың сол кездегі тұрмыс-тіршілігіне, мінезіне, психологиясына сәйкес қосып отырған. Байтұрсынұлының екінші кітабы — «Маса» (1911). Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсіпке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Көптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ыбырай қалыптастырған дәстүрлерді, гуманистік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушы ретінде көрінді. Қоршаған ортаға ойлана, сын көзімен қарайды, қоғам қалпына көңілі толмайды. «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Досыма хат», «Жиған-терген», «Тілек батам», «Жауға түскен жан сөзі», «Бақ» т.б. өлеңдерінің мазмұны осыны танытады. Кітаптың ішкі сазы мен ой өрнек, сөз орамы қазақ поэзиясына тән өзіндік жаңалық, ерекше өзгеріс әкелді.

Қазақ тілінің негізін қалаушы ретінде

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды — жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп, 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады. Сөйтіп, оқу-ағарту идеясына сол кезіндегі интелегенциясы жаппай мойын бұрды. Әрбір зиялы азамат халқына қара танытып, сауатын ашуды, ол әрекетті «Әліппе» құралдарын жазудан бастауды мақсат етті. Сол 1911-1912 жылдары жасалып, Уфа, Орынбор қалаларының баспаханаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының [8] әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912-1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. 1926 жылы ғалым «Әліп-

бидің» жаңа түрін жазды. Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілінің табиғатын, құрылымын танып-танытудағы қызметі енді мектепте қазақ тілін пән ретінде үйрететін оқулықтар жазумен ұласады. Осы тұста оның атақты «Тіл – құрал» атты үш бөлімнен тұратын, үш шағын кітап болып жарияланған оқулықтар жазылды. «Тіл-құрал» тек мектеп оқулықтарының басы емес, қазақ тілін ана тілімізде танудың басы болды, қазіргі қазақ тілі атты ғылым саласының, іргетасы болып қаланды. Жалпы қазақ тіл білімін қалыптастырып, зерттеп, танып-білу тарихымызда Ахмет Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Тіл құралдарының» орны айрықша. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетас қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі — ғылымының осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданылып жүрген зат есім, сын есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құрмалас сөйлем, қаратпа сөз деген сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы Ахмет Байтұрсынұлынікі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жанғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенің олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығы.

Әдебиеттану

Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинап жарыққа шығаруда Байтұрсынұлы зор еңбек сіңірді. Әдебиет саласындағы алғашқы зерттеуі деп оның Қазақ газетінің 1913 жылғы үш санында шыққан «Қазақтың бас ақыны» деген көлемді мақаласын атауға болады. Онда қазақ халқының рухани өмірінде Абайдың аса ірі тұлға екені, өмірбаяны, шығармаларының мазмұн тереңдігі, ақындық шеберлігі, поэтикасы, орыс әдебиеттерімен байланысы туралы ойлы пікірлер айтылған, ақын мұрасының эстетикалық қадір-қасиеттері ашылған. Қазақтың эпостық жыры «Ер Сайында» алғы сөз бен түсініктемелер жазып, оны 1923 ж. Мәскеуде шығарды.

Қазақ ауыз әдебиетінде молынан сақталған жоқтау-жырларын арнайы жүйелеп, сұрыптап, 1926 ж. «23 жоқтау» деген атпен жеке кітап етіп жариялады. Байтұрсынұлының қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдебиет тарихы жөніндегі тұңғыш көлемді еңбегі — «Әдебиет танытқыш» (1926). Мұнда көркем сөз өнерінің табиғаты, сыры, мазмұны, ерекшеліктері, жанрлары, жаңа терминдер, ұғымдар жайлы жан-жақты зерттеулер, тұжырымдар сөз болды. Бұл еңбегінде Байтұрсынұлы ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің әлеуметтік, қоғамдық мән-маңызын ашудан гөрі адамгершілік, эстетикалық әсемдік әуенін талдауға көбірек көңіл бөлген. Сондай-ақ мұнда жазба әдебиеттегі ағымдар, әдістер туралы ой-түйіндер айтылған. Кітаптың бірінші бөлімі «Сөз өнерінің ғылымы» деп аталады да, онда көркем сөздің толып жатқан қыры мен сыры, тараулар мен тармақтар, тіл әуезділігінің қыруар шарттары, «сөздің өлең болатын мәнісі», өлең айшықтары, «шумақ түрлері», «тармақ тұлғалары», «бунақ буындары», «ұйқастығы» т.б. сөз етіледі.

Екінші бөлімі «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі» деп аталады да, көркем кара сөз табиғаты, оның тараулары — шежіре, заман хат, өмірбаян, «мінездеме», тарихи әңгіме, «әліптеме, әліптеу тәртібі — мәнді әліптеме, сәнді әліптеме, жол әліптемесі, байымдама, байымдау әдістері, түрлері — пән, сын, шешен сөз, оның түрлері, саясат шешен сөзі, білімді шешен сөзі, уағыз көркем сөз» деп жүйелеп келіп, әңгіме, романға сипаттама береді. Еңбектің «сындар дәуірі, онда шығарма түрлері» атты тарауы өте маңызды. Онда сыншыл реализм туралы алғашқы пікірлер нышанын кездестіруге болады.

Байтұрсынұлы Еуропа жұртындағы сындар әдебиетінің бай тәжірибесін меңгеруге бет алушылық, қазақ көркем сөз ізденістерінде сәйкестік, үйлесімділік тапқанын айтады. Байтұрсынұлы әдебиет зерттеушісі ретінде қазақ әдебиетінің даму процесін жеке дара бөліп қарамай, барлық халықтар әдебиетіне ортақ сипаттармен ұштастыра талдауға тырысады.

Байтұрсынұлының жыраулардың мұрасын жетік білетінін осы еңбегінен айқын көреміз. Сөз өнерінің көне дәуірдегі үлгілері, 15-17 ғ-лардағы жыраулар поэзиясының біразы ақын назарына іліккен. Асан Қайғы, Нысанбай жырау, Бұдабай ақын, Наурызбай би, Құбыла ақын, Жарылғап ақын, Алтыбас, Ақмолда, Әбубәкір, Шортанбай, Байтоқ, Сүгір ақын, Мұрат, Досжан, Орынбай, Шернияз т. б. ақын-жазушылар шығармаларынан үзінділер бар.

Аудармалары

Байтұрсынұлы қалдырған бай мұраның тағы бір саласы — көркем аударма. Ол орыс классиктерінің шығармаларын қазақ тіліне аударып, көркем қазынаның бұл саласын байытуға мол үлес қосты. И. А. Крылов мысалдарының бір тобын қазақ тіліне аударып, «Қырық мысал» деген атпен жеке жинақ қылып бастырды. И. И. Хемницердің «Атпен есек», А. Пушкиннің «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы» шығармаларын, орыстың белгілі лирик ақыны С. Я. Надсонның өлеңін қазақ тіліне аударды.

Түркітану

Байтұрсынұлы тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, араб әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды.

1926 ж. Бакуде болған түркітанушылардың Бүкілодақтық 1-съезіне қатысып, «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» деген тақырыпта баяндама жасады. Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсады. Осы мақсатта «Оқу құралы» (1912), «Тіл құралы» (1914); ересектердің сауатын ашуға арнап «Әліпби» (1924), «Жаңа әліпби» (1926) атты оқулықтар мен тың еңбектер ұсынды. Қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша ғылыми термин жасап, морфологиялық тұлға-тәсілдерді жаңаша талдау, жаңаша анықтамалар берді. Қазақ фонетикасы

мен грамматикасын талдауда тілдің типологиялық ерекшеліктері мен өзіндік даму барысын ескеру принципін ұстады.

Байтұрсынұлы қазақ тілі білімін 20 ғасырдың бас кезінде қалыптастырып, оның ірге тасын қалады. Араб графикасына негізделген қазақ жазуының реформаторы болды.

Фильмдер

- 1994 — «Алаш туралы сөз» Алашорда режиссері: Қ. Умаров
Жанры: “Деректі фильм” Өндіріс: “Қазақтелефильм”
- 2009 — «Алашорда» Алашорда режиссері: Қ. Умаров
Жанры: “Деректі фильм” Өндіріс: “Қазақфильм” Шәкен Айманов атындағы



Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде атап өтіледі

Қазақтың рухани көсемі атанған Алаш ардақтысы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына биыл 150 жыл толады.

Алаштың арда азаматының бұл жолғы мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде әлемнің бірнеше елінде, әрине, алдымен Қазақ елінде кең ауқыммен тойланбақ.

2021 жылғы 9 қарашада Үкімет арнайы қаулы шығарып, осы мерейтойды ұйымдастырып өткізуге төрағасы ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Е. Л. Тоғжанов басқарған жауапты комиссияның құрамын бекіткен болатын.

Осы комиссия Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын дайындау және өткізу жөніндегі жалпыреспубликалық жоспар әзірлеген.

Жалпыреспубликалық жоспар

Аталған жоспардың жобасында 63 пункттен тұратын түрлі бағыттағы іс-шаралар қарастырылған.

Оның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы кескінделген пошта маркалары мен Ұлттық банк монеталарын шығарудан бастап, жол жөндеуге дейінгі нақты шаралар бар.

Олар:

- ғылыми конференция, симпозиум, форум түріндегі, онлайн және оффлайн форматтағы жиындар;

- ғалымның еңбектерін әлемнің танымал тілдерінде басып шығарып, халыққа таратуға бағытталған 8 шара;

- айтыс, мүшәйра, фестиваль, конкурс форматындағы республикалық және өңірлік деңгейдегі 12 байқау;

- Ахмет мұрасын сахналық қойылым, кино, спектакль арқылы дәріптеуге арналған шаралар;

- халықаралық деңгейдегі 7 ауқымды шара;

- ақпараттық-имидждік бағыттағы шаралар;

- сәулет және реставрациялық бағыттағы 7 шара.

Жоспарда жыл аяғына дейін Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен қызметі туралы толықметражды көркем фильм түсіру қажеттігі де айтылған.

Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ғылым саласындағы мемлекеттік сыйлық тағайындау ұсынылып отыр.

Облыс орталықтарындағы мектептерге, орталық көшелер мен даңғылдарға мерейтой иесінің есімін беру үшін өңірлік ономастика комиссиялары белсенді жұмыс істеуі қажет.

Халықаралық деңгейдегі іс-шараларға келсек, ТҮРКСОЙ аясында отандық және шетелдік зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен Ыстанбұл қаласында дөңгелек үстел мен фотокөрме ұйымдастыру көзделген.

Ал, басты шараның діңгегі – ЮНЕСКО ұйымының штаб пәтері орналасқан Париж қаласында өткізілмек.

Комиссия мүшелері осы жалпыреспубликалық жоспар аясында Сыртқы істер министрлігіне Түркияның Анкара қаласы мен Ресей Федерациясының Орынбор қаласында Ахмет Байтұрсынұлының ескерткішін орнату мәселесін қарастыруды ұсынған.

Сонымен қатар, Әзербайжан астанасында «Баку конгресі және Ахмет Байтұрсынұлы» атты конференция өткізу жоспарланған.

Ақпараттық-имидждік бағыттағы шаралардың ішінде арнайы портал құру бастамасын бөліп айтуға болады.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің базасында қайраткер тұлғаның өмірін, қызметі мен мұрасын зерттеуге арналған «Ахмет әлемі» интерактивті порталы құрылмақ.

Сәулет-реставрациялық бағыттағы жұмыстардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлының есімін алған музей-үйлерді реставрациялау, Нұр-Сұлтан,

Алматы, Шымкент қалаларында және облыс орталықтарында Ұлт ұстазына арнап ескерткіш орнату, Қостанай облысы Жангелдин ауданының Ахмет Байтұрсынұлы ауылындағы Ахаң туған үйді қалпына келтіріп, музей-үй етіп ашу және Байтұрсын әулетінің қорымын қоршау, Ахмет Байтұрсынұлы ауылына баратын жолды күрделі жөндеуден өткізу сияқты шаралар қамтылған.

Сонымен қатар Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Өнегелі адамдар өмірі» сериясымен Ахмет Байтұрсынұлы туралы арнайы кітап; «Алаш» орталығының басшысы Сұлтанхан Аққұлұлы мен Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің директоры Райхан Имаханбет бастаған топ 12 томдығын; М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 5 томдық академиялық толық шығармаларын дайындап жатыр.

Ахмет Байтұрсынұлы

(1872–1937)

...Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын. Оны жұрттың бәрі біледі. Бұның шындығына ешкім де дауласпайды.

Мұхтар Әуезов



Алаш қозғалысының көсемі, қоғам қайраткері, ұлттық ғылымның негізін салушы, ақын, педагог, аудармашы Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Сарытүбек ауылында дүниеге келген.

А. Байтұрсынұлының өмірбаянындағы мәліметтерімен қатар, басқа да мұрағаттық деректерге сүйенсек, ол 1882–1884 жылдары ауылдағы сауатты адамдардан, әрі көшпелі мектепте 10 жасынан дәріс алған. Яғни, бала Ахметтің алғашқы тіл сындыруы қарапайым ауыл молдасының «әліпті таяқ» деп үйретуінен басталған. Осылайша көк аспанның астында керіліп жатқан Арқаның бетпақ даласындағы қазақы ауылда қазақы баланың қазақша қалыппен танымының іргетасы қалыптасқан.

Ахметтің әкесі Байтұрсын Шошақұлы, намысшыл және ержүрек адам болған. Патша үкіметінің озбырлығына қарсы шығып, 1885 жылы уезд бастығы полковник Яковлевтің басын бұзғаны үшін 15 жылға сотталды. Нәтижесінде, Ахметтің туыстары мен ауылдастары қуғын-сүргінге ұшырап, бұл жағдай болашақ саясаткердің өмірлік көзқарасына қатты әсер етті.

Ахмет Байтұрсынұлы Торғайдағы екі сыныптық орыс-қырғыз (қазақ) училищесіне 1886 жылы 14 жасында қабылданып, бұл оқу орнын 1891 жылы 19 жасқа қараған шағында тәмамдайды.

Бес жылға жуық оқыған орыс-қазақ училищесіндегі оқытылатын пән сабақтарының орыс бағдарламасы бойынша жүргізілгеніне қарамастан, Ахметтің қоғам, ел жер тану болмысы қазақша қалыптасады.

Білімге бар болмысымен ден қойған ол, оқу ордасындағы бес жылғы сынақтан сүрінбей өтеді.

Анасы Күңшінің қолдау-көмегімен Торғайдағы оқуын тәмамдаған Ахмет, қалайда білімін жалғастырудың жолын іздеп, шарқ ұрады. Ол кездейсоқ кездескен сауда кереуеншілеріне ілесіп, мыңдаған шақырым шалғайдағы Орынбордың мұғалімдер мектебіне оқуға аттанады. Білімге құштар жас талаптың бағына орай, әрі екі сыныптық орыс-қазақ училищесінің толық курсы бітіргендігі де есепке алынып, 1891 жылы 10 тамызда мектепке қазына қаржысымен оқитын болып қабылданады.



*А. Байтұрсынұлы білім алған және жұмыс істеген
Орынбордағы мұғалімдер мектебі*

1889 жылы ашылған бұл білім ордасының қарамағында қол еңбегіне арналған кәсіптік шеберханасы, шалғай елден келген балаларды жатып оқытатын жатақханасы мен асханасы бар, өз заманына лайықталған оқу орны. Сонымен қатар, сабақ беретін тәжірибелі пән оқытушылары да жасақталып, әрі оқыту базасында бес мыңнан астам қоры бар кітапхана жұмыс істеген. Оқу орнында төрт жыл оқып, 1895 жылы мамырдың 13-і күні Ахмет оқуын тәмамдайды.



Ахмет Байтұрсынұлының Орынбор қырғыз мұғалімдер мектебін бітіргені туралы куәлігі

1895–1901 жж. А. Байтұрсынұлы Ақтөбе, Қостанай, Қарқаралы уездеріндегі ауылдық және болыстық орыс-қазақ мектептерде мұғалім болған.

1901–1909 жж. Қарқаралы қаласындағы екі сыныптық училищенің мұғалімі, меңгерушісі қызметтерін атқарған.



А. Байтұрсынұлы жұмыс істеген Әулікөл орыс-қазақ бастауыш мектебі (1896 ж.)

Ахмет Байтұрсынұлы өмірінде бес рет түрмеге түсіп, бұғауда болды және екі рет жер аударылды. Алғаш рет 1907 жылы Ресей патшасына нұқсан келтіретін қауесеттер таратты деген айыппен қамауға алынды. Алғашқы қамауға алынғаннан кейін ол аз уақыт Қарқаралы түрмесінде отырды.

Семейге жұмысқа ауысқаннан кейін оны Семей губернаторы Тройницкийдің бұйрығымен 1909 жылдың 1 шілдесінде қайтадан тұтқындайды.

Оған айтарлықтай ауыр екі айып тағылды. Оның алғашқысы – Ахмет Байтұрсынұлы мен бірінші Мемлекеттік Думаның мүшесі Әлихан Бөкейханов екеуі бірлесіп үкіметке қарсы құпия ұйым құрыпты, патшаға қарсы белсенді үгіт-насихат жүргізуде. Екінші айыптау – ол басқаратын мектепте бірде-бір орыс оқушысы жоқ, ол тек қазақ балалары оқуы керек деп санайды. Ойдан шығарылған осы екі ауыр айыптың негізінде, оның үстіне әсіре ұлтшыл ретінде ол қамауға алынады. Мұнда ол ешқандай сотсыз және тергеусіз сегіз ай қамауда отырады. Ақыр соңында билік тағылған айыптары дәлелденбегендіктен тұтқындағы Байтұрсынұлын босатуға мәжбүр болды. Алайда босату үшін ақылға қонымды себеп таппаған және осы бір шетін жағдайдан шығудың басқа жолын таба алмаған билік өкілдері оны Қазақстаннан тыс жерге екі жылға жер аударарды. Үкім 1910 жылы 21 ақпанда шығарылды. Орынборға 1910 жылдың 9 наурызында келген Ахмет аға 1924 жылдың соңына дейін сонда болды.

1920–1921 жж. А. Байтұрсынұлы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссары қызметін атқарады. **(Ахмет Байтұрсынұлы Энциклопедия С. 278; Из книги Алаш қозғалысы. – С. 108)**

1921–1922 жж. Қазақ халыққа білім беру институтында (КИНО) ұстаздық етті. **(Из книги Алаш қозғалысы. – С. 108)**

1922–1925 жж. Халық ағарту комиссариатының Ғылым комиссиясын басқарады. **(Из книги Алаш қозғалысы. – С. 109)**

1926–1929 жж. Ташкенттегі Қазақ педагогика Халық ағарту институтында, Алматыдағы Қазақ мемлекеттік педагогика институтында қызмет атқарады. **(Из книги Алаш қозғалысы. – С. 109)**

Ахмет Байтұрсынұлының өмірінің соңғы жылдары

1929 жылдың маусым айында Ахмет Байтұрсынұлын Алаш қозғалысының қайраткерілерімен бірге тұтқынға алып, Қызылорда түрмесіне қамайды.

Өміріндегі үшінші түрмесі болған Қызылорда түрмесінде Байтұрсынұлы аз ғана уақыт отырады. Маусым айының соңында оны аса құпия жағдайда Алматы түрмесіне жеткізеді, сол жерден дереу Мәскеуге жөнелтеді.

Оның отыруына тура келген төртінші тар қапас әйгілі Бутырь түрмесі еді. Онда ол 1929 жылдың шілдесінен 1931 жылдың 13 қаңтарына дейін болды.

КСРО Халық комиссарлар кеңесі жанындағы ОГПУ «үштігінің» шешіміне сәйкес, ату жазасына кесілді. Бірақ бұл шешім бірнеше рет өзгерді. 1931 жылы қаңтарда 10 жылға канцлагерьге ауыстырылса, 1932 жылы қарашада 3 жылға Архангельск облысына жер аударылсын деген үкім шығарылды. Оның үстіне Ахаң ол жерге отбасысыз жіберілді: әйелі мен асырап алған қызы Шолпан Томскке жіберілді.

1933 жылы мамырда денсаулығы нашарлап кетуіне байланысты қалған мерзімді Батыс Сібірде айдауда жүрген отбасымен (әйелі мен қызы) бірге өткізуге рұқсат беріледі.

Сол жылдары атақты Помполитті (саяси жер аударылғандар мен тұтқындарға көмек көрсету комитеті) басқарған Пешкова Екатерина Павловна

(орыс жазушысы М. Горькийдің бірінші әйелі) Ахмет Байтұрсынұлын мерзімінен бұрын босату туралы өтініш білдіреді. 1934 жылдың қазан айында Ахаң Алматыға оралады.


Алматыда тұрақты жұмысқа қабылданбай, түрлі мекемелерде қысқа мерзімдік қызметтер атқарады. Орталық мұражайда кеңесші болып істеді, дәрігер Морозовтың жеке емханасында аудармашы болып жұмыс жасайды.

1937 жылдың тамызында ол қайтадан тұтқындалып, Дзержинский мен Виноградов көшелерінің қиылысындағы ІІХК ғимаратының жертөлесіндегі № 7 камераға қамалды. Бұл соңғы, бесінші және тағдырын тауысқан қамау болды.




Ахмет Байтұрсынұлын антисоветтік және контрреволюциялық үгіт жүргізді деп айыптау туралы № 725 істің титул беті.

(Ахмет Байтұрсынұлы Қоғамдық қорының мұрағатынан, 1937 жылдың тамызы)



Ахмет Байтұрсынұлының соңғы рет тұтқындау туралы НКВД-ның Қазақстан бойынша басқармасының Алма-Аты қаласы бойынша бұйрығы

Ақырында қуғын-сүргіннің жаңа толқынына ілігіп, 1937 жылы 8 желтоқсанда жазықсыз атылып кетті.



*Ахмет Байтұрсынұлы.
Соңғы өлім жазасына кесілгенге дейін түсірілген фотосурет (1937 ж.)*

Мен өлсем де, өлемін жөнімменен,
Тәннен басқа немді алар өлім менен.
Өлген күні апарып тығары – көр,
Мен жоқ болман көміліп тәнімменен.

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,
Ел – бүгіншіл, менікі – ертеңгі үшін.

Ахмет Байтұрсынұлы
Ахмет Байтұрсынұлының өмірбаяны, өзі құрастырған (1929 ж.)

Жизнители.

Сын моего родственника "малыш" (1872 год) и место рождения урочище Сары-төбөк в улусе Музунской волости, Музунского района, Кустанайской области.

С 1912 года по 1884 г. обучался казачьей грамоте по дома у дяди и грамотного соседа, по ашкеницкой школе, учителями оказавшимся по близости.

В 1885 г. семья переехала в Костанай: за заслуги перед Музунским уездным казначейством по повелению Любовича отец был назначен в торговлю, а мать и в 1886 г. приехавшей к кустарным работам на 15 лет, а учительство прекратилось.

Начавшееся для посещения походов и поступления учиться в школу в г. Музун. В Музунской двухклассной русской-казацкой школе учился с 1886 г. по 1891 г.

По окончании курса в казачьей школе, поступил в Оренбургскую казачью гимназию, в которой учился с 1891 г. по 1895 г. Окончив курс в этой школе, обзавелся своим собственным учением в лет.

Начиная с 1 июня 1895 г. своим учением в разных местах Казахстана, в первую очередь — сначала в ашкеницкой, потом в волостной и, наконец, в двухклассной.

С 1901 г. свободными от учительских занятий часами занимался на свое самообразование и литературную работу.

В 1904 году, когда своим учением — заведующим в двухклассной школе в г. Каркаралинске Семипалатинской области, по распоряжению Семипалатинского губернатора Митрофанова был арестован и отправлен в Семипалатинскую тюрьму, в которой по прошествии срока сидел с 1 июня по 21 декабря 1910 года.

Из творческих выступлений с запрещением псевдонима
в пределах Казанской губернии и с правом выбора псевдо-
донима в другие губернии России. Выбор псев-
донимов на г. Оренбурге, как на ближайший к Казани
пункт и туда прибыл в марте месяце 1910 г.
По приезду в Оренбург стал заниматься, во-
первых, исследованием казанского языка в фонетическом,
морфологическом и синтаксическом отношении, во-
вторых, реформой казанского алфавита (по шрифту)
и орфографии в сторону чужеземцев в смысле
чужеземцев и чужеземцев; в третьих, очищении
казанской письменной речи от иероглифического засорения
и ее синтаксического построения на иероглифическом
основании; наконец, в четвертых, перенесении прозы
(деловой, публицистической и научной письменной речи)
с речевых книжного языка на речевый живой
разговорный язык через стилистическую обработку
и через изобретение научных терминов из казанских
слов. Все это проводилось ипот в жизни через
составление ипот на казанском языке учебников
и редактуру ^{ипот} тогда газеты "Казань".

В этом направлении продолжалась моя работа
вплоть до 18 г.

С 18 года, по определению Общекавказского (общеказан-
ского) съезда, происходившего в г. Оренбурге 5-13 февраля
1917 г., я должен был работать в Комиссии при Цен-
тральном Казанском Правлении "Ашан-Орда" по со-
ставлению учебников, но по условиям того времени
записать подобной рода работы не было возмож-
ности. С начала 18 г. года до начала 19 г. года я
работал вообще в организации "Ашан-Орда".

Со второй половины 19 года до конца 20 года
работал в Кавказском (казанском) Краевом Военно-

Революционном Комитете в качестве члена последнего. Но состоял членом Военно-Революционного Комитета и ЦИК-а, с 20 года в каковом возобновил свою индустриальную работу; начиная же с 21 года стал по степенно переселиться не только к индустриальной, но и учебно-педагогической работе: занимая ответственные должности в Казарстане — сначала в качестве Народного Комиссара по просвещению, затем заступая его, потом председателем Академического центра, далее членом Комиссии Академии, наконец, научного методического при Казкиркомпросе, в преподавании с 21 г. по 28 г. казахского языка, казахскую литературу и историю казахского народа в Казахском Институте народного образования и кроме того с 1926 г. по 1928 г. т.е., по году переезда в Казань сообразно сущности по кафедре казахского языка и литературы в Казкиркомпросе в Машике.

С 1^{го} октября 1928 года Казкиркомпросом признан в Казахском Государственном Университете в качестве профессора по кафедре казахского языка, о чем имеется особое соображение с казахским комиссариатом.

А. С. Вайнштейн (Вайнштейн)

12/5 29г.

Ақталу

Мұрағаттың анықтамасы


Адамзат тарихында өзінің қажымас қызметімен қоғамның даму бағытын алдын ала белгілейтін тұлғалар әрқашанда болады. Идеялардың генераторлары сияқты. Оларда адам болмысының ең жақсы қасиеттері жүзеге асады.

30-жылдары заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған Ахмет Байтұрсынұлы осындай еді. Оңалту мәселесі – бірінші кезектегі мәселе. Оңалту. Өкінішке орай, бұл сөз көбінесе «өлімнен кейінгі» қосымшасымен естіледі. Оңалту – бұл өтеу. Бұл өмірден өткендер мен тірілер алдындағы парыз – тарих жадын қалпына келтіру.

Байтұрсынұлына шындық кеш жетті. 1988 жылы 4 қарашада Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының қаулысымен А. Байтұрсынұлы іс-әрекетінде қылмыс құрамының жоқтығы үшін ақталды.

1989 жылы 16 қаңтарда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен Байтұрсынова Бадрисафа Мұхамед-Садыққызы ақталды.

Деректер мен айғақтар

ҚАЗАҚ КСР ЖОҒАРҒЫ СОТЫ <small>480123, Алматы қонысы, Саят көшесі, 46, телеф. 62-24-75, 62-24-92.</small>		ВЕРХОВНЫЙ СУД КАЗАХСКОЙ ССР <small>480123, г. Алматы, ул. Саятская, 46, телеф. 62-24-75, 62-24-92.</small>
--	--	--


"21" II. 1988 г. № 11/2нкп-10/88
№ 10 _____


СПРАВКА

Дело по обвинению Байтурсунова Ахмета, 1870 года рождения, уроженца Тургайского района Кустанайской области, казах, гражданина СССР, беспартийного, со средним образованием, проживавшего в г. Алма-Ате, пересмотрено.

Определением судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда Казахской ССР от 4 ноября 1988 года постановлении тройки УНКВД Алма-Атинской области от 25 ноября 1937 года отменено и дело в отношении Байтурсунова Ахмета прекращено за отсутствием в его действиях состава преступления.

БАЙТУРСУНОВ АХМЕТ - реабилитирован.

Председатель Верховного Суда
Казахской ССР  Т.К. АЙТҮХАМБЕТОВ





Министров Казахской ССР
ПОСТАНОВЛЕНИЕ

от 26 февраля 1990 г. № 78

АЛМА-АТА, ДОМ ПРАВИТЕЛЬСТВА

**ОБ УВЕКОВЕЧЕНИИ ПАМЯТИ ВИДНОГО ДЕЯТЕЛЯ
КУЛЬТУРЫ, ПРОСВЕТИТЕЛЯ И УЧЕНОГО-ЛИНГВИСТА
АХМЕТА БАЙТУРСЫНОВА**

Совет Министров Казахской ССР постановляет:

1. Принять предложения Академии наук Казахской ССР, Кустанайского, Чимкентского и Кызыл-Ординского облисполкомов и Министерства народного образования Казахской ССР:
 - о присвоении имени А. Байтурсынова Институту языкознания Академии наук Казахской ССР;
 - о переименовании совхоза «Южный» Джангильдинского района Кустанайской области в совхоз имени А. Байтурсынова;
 - о присвоении имени А. Байтурсынова одной из средних школ города Чимкента;
 - о присвоении имени А. Байтурсынова одной из улиц и одной из средних школ города Кызыл-Орды.
2. Принять к сведению, что в 1989 году решением Кустанайского облисполкома имя А. Байтурсынова присвоено улицам в городах Кустанае, Аркалыке и селе Тургай Джангильдинского района, а решением Семипалатинского горисполкома — улице в г. Семипалатинске.
3. Алма-Атинскому горисполкому установить мемориальную доску с барельефом А. Байтурсынова на здании Казахского педагогического института имени Абая, где он работал.

Председатель
Совета Министров Казахской ССР **У. КАРАМАНОВ**

Управляющий Делами
Совета Министров Казахской ССР **Д. СЕЛИВАНОВ**

Қазақ КСР министрлерінің Қаулысы

Ал Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бюросы 1988 жылы желтоқсанның 28 күні М. Жұмабаевтың, А. Байтұрсыновтың, Ж. Аймауытовтың қоғамдық-саяси, ғылыми-педагогикалық және әдеби қызметтері жөніндегі тарихи шындықты толық көлемінде қалпына келтіру қажет дегенді ұйғарды. Сонымен қатар бұлардың өмірі мен творчестволық қызметі жөнінде зерттеулер жүргізіп, мақалалар жариялау, насихаттау, әдеби-ғылыми мұраларын басып шығару тапсырылды.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ұлы көсемі

А. Байтұрсынұлы – ардың адамы. Басқа оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, Ахмет қалың қазақтың намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған қаһарман.

Қазақ халқын байға, кедейге бөлмеген, бәрін бірдей сүйетін, ұлты үшін басын бәйгеге тігетін, шын ұлтшыл!

Сәкен Сейфуллин



Ахмет Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси іске ресми араласуы 1905 жылдан басталды. 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде жазылып, 14500 адам қол қойған Қарқаралы петициясы (арыз-тілегі) авторларының бірі А. Байтұрсынұлы болды.

Қарқаралы петициясында жергілікті басқару, сот, халыққа білім беру істеріне қазақ елінің мүддесіне сәйкес өзгерістер енгізу, ар-ождан бостандығы, дін ұстану еркіндігі, цензурасыз газет шығару және баспахана ашуға рұқсат беру, күні өткен Дала ережесін қазақ елінің мүддесіне сай заңмен ауыстыру мәселелері көтерілді. Онда қазақ даласына орыс шаруаларын қоныс аударуды үзілді-кесілді тоқтату талап етілген болатын.

1905 жылдың қараша айының аяғында Орал қаласында Дала өлкесінің 5 облысының өкілдерінің басын қосқан съезі өтті. Съезді ұйымдастырушылар ұлт зиялыларының алдыңғы қатарлы өкілдері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, Ж. Сейдалин, М. Тынышпаев, Б. Сартанов, Б. Қаратаев, М. Дулатовтар болды.

Байтұрсынұлын белсенді саяси үгіт насихатшы, Қарқаралы петициясын ұйымдастырушы ретінде 1907 жылы Қарқаралы түрмесіне қамауға алынды, бірақ оны айыптайтын айғақ табалмағасын босатуға мәжбүр болды.

Сол кезеңнен бастап жандармдық бақылауға алынған Байтұрсынұлы 1909 жылы 1 шілдеде губернатор Тройницкийдің бұйрығымен тұтқындалып, Семей түрмесіне жабылды.

Ресей ІІМ-нің Ерекше Кеңесі 1910 жылы 19 ақпанда Байтұрсынұлының қазақ облыстарынан тыс жерге жер аудару жөнінде шешім қабылдады. Осы шешімге сәйкес Байтұрсынұлы Орынборға 1910 жылы наурызда келді.

Ахмет Байтұрсынұлы өмірінің Орынбор кезеңі оның қоғамдық-саяси қызметінің аса құнарлы шағы болды. Ол осы қалада 1913–1918 жж. өзінің ең жақын сенімді достары Ә. Бөкейханов, М. Дулатовпен бірігіп, сондай-ақ қалың қазақ зиялыларының қолдауына сүйеніп, тұңғыш жалпыұлттық «Қазақ» газетін шығарып тұрды.



«Қазақ» газетінің бірінші нұсқасы (1913 ж.)
(ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры)



Атауының екінші нұсқасымен «Қазақ» газетінің жолағы (1913 жылғы логотипі)

Байтұрсынұлының Орынбордағы өмірі мен қызметі Ресей үкіметінің қатаң жандармдық бақылауында болды. Ол «Қазақ» газетіне жабылған негізсіз жала салдарынан абақтыға отырып шықты. А. Байтұрсынұлы 1917 жылы революциялық өзгерістер арнасында өмірге келіп, қазақ тарихында терең із қалдырған Қазақ съездері мен Қазақ комитеттері сияқты тарихи құбылыстың қалың ортасында жүрді, оларға тікелей араласып, «Қазақ газеті» арқылы саяси теориялық бағыт-бағдар беріп отырды.

*Дүниеге келді бізден бір талапты ұл,
Ер жетсе бар қазақтың басшысы бұл.
Бөгеттен ауру-сырқау аман сақтап,
А, Құдай! Құтты, өмірлі, бақытты қыл!*

*Үмітті Орынбордан бала туды,
Қолына жарық сәуле ала туды.
Мақсаты: қараңғыда жүрген халқын,
Ойлайды тура жолға қаратуды.*

*Күтіп ем туа ма деп көзім сүзіп,
Бұл кезде кетіп едім күдер үзіп.
Хабарын «Уақыттан» білгеннен соң,
Тірілді өлген үміт қаным қызып.*

*Көп қайғы болды бүгін ұмытылғандай,
Бейнеттен бір зор ауыр құтылғандай.
Жақындап жан шығарға шөлдегенде,
Құмартқан сусын бейне жұтылғандай.*

*Қайғысыз жас жігіттей бола қалдым,
Бір тамшы қарлығаштың суындай ғып
Алуға жылдық «Қазақ» ақша салдым.
Табармын шамам келсе тағы жолдас,
Қам қылмай, қартайдым деп жатып болмас.*

*Үмітті жаңа туған жас баланы,
Ағайын, қырғыз-қазақ, түгел қолдас!
Ойлама, газет бізге не керек деп,
Газетсіз ел жаны жоқ, өлгенге есеп!
Көл болар көп түкірсе деген кәні,
Кетпей ме бір тоқтыны қасқыр да жеп?*

Шәкәрім Құдайбердіұлы

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетін ұйымдастырушы және оның редакторы болды.

А. Байтұрсынұлы Алаш партиясы бағдарламасын даярлаған шағын топтың құрамында болды. Байтұрсынов пен Дулатов қазақ арасында бұрыннан келе жатқан ру-жұзаралық алауыздыққа байланысты Алаш Орда үкіметінің

құрамына саналы түрде енбей қалды, бірақ олардың қазақ ұлттық мемлекеттік идеясын жасаушы топтың ішінде болғандығын замандастары жақсы біліп, мойындады.




Суретте Алаш партиясының мүшелері.

Бірінші қатар: Х. Ғаббасов, М. Дулатов, А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов.

Екінші қатар: Ж. Аймауытов, Ә. Марғұлан, А. Байтасов

Алаш Орда құрамын бекіткен 2-жалпықазақ съезі оқу-ағарту комиссиясын құрып, оның төрағасы етіп Байтұрсынұлын бекітті. 1919 жылы наурызға дейін Алашорда үкіметінің Торғай облысы бөлімінің мүшесі болды.


Байтұрсынұлы 1919 жылдың 24 шілдесінде Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы В. И. Ленин Қырғыз (қазақ) өлкесін басқару жөніндегі Әскери төңкерестік комитетінің төрағасы С. Пестовский, оның бірінші жауапты орынбасары және ішкі істер бөлімінің меңгерушісі етіп Ахмет Байтұрсынұлын бекітті.



I, II Жалпықазақ съездері өткен, «Алаш» партиясын, Алашорда үкіметін құру шешімі қабылданған ғимарат (1917 ж.)

1920 жылы А. Байтұрсынұлы Бүкілресейлік орталық атқару комитетіне (БОАК) мүше болды.

А. Байтұрсынұлы қазақтың ұлттық мүддесін көздеген Алаш қайраткерлерін тобының басынды тұрды, зиялылар қауымының рухани көсеміне айналды.



Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің негізін қалаушы

Ахмет Байтұрсынұлы – біріншіден, қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Соңынан із салған жаңашыл ағартушы.

Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының әліп-биімен ашып, ана тілін Байтұрсынұлының «Тіл құралы» арқылы оқып үйренді.

Рабиға Сыздықова, ғалым

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көп ғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланып отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды алфавиттен шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды.

Байтұрсынұлы әліпбиінің кестесі					
№	1912	1927	латынша	Кирил- ше	Айтылуы
1	2	3	4	5	6
1.	ا	ا	a	а	а
2.	اَ	اَ	ə	ә	ә
3.	ب	ب	b	б	бы/бі
4.	پ	پ	p	п	пы/пі
5.	ت	ت	t	т	ты/ті
6.	ج	ج	ç	ж	жы/жі
7.	د	د	d	д	ды/ді
8.	ر	ر	r	р	ыр/ір
9.	ز	ز	z	з	зы/зі
10.	س	س	s	с	сы/сі
11.	ش, شچ	ش, شش	c, c	ш	шы, шы/ші
12.	غ	غ	Q	ғ	ғы
13.	ق	ق	q	қ	қы
14.	ك	ك	k	к	кі
15.	گ	گ	g	г	гі
16.	كڭ	كڭ	n	ы	ың/ің
17.	ل	ل	l	л	ыл/лы; іл/лі
18.	م	م	m	м	мы/мі
19.	ن	ن	n	н	ны/ні
20.	و	و	o	о	о
21.	وْ	وْ	ö	ө	ө
22.	ؤ	ؤ	u	ү	ү
23.	ؤ, وؤ	ؤ, وؤ	ü, w	у, ұ	у, ұ
24.	ه	ه	e	е	е
25.	ی	ی	y	ы	ы
26.	ی	ی	j	і	і
27.	ی	ی	ü	и	й
28.	ی	ه	e	е	ие
	ء	ء			дәйекше

А. Байтұрсынұлының 1912 және 1927 жж. жасаған алфавитінің нұсқалары



Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақша әліпби» (Оренбург, 1914 ж.)

Ахмет Байтұрсынұлының әліппесі «Оқу құралы» деген атпен 1912–1925 жылдары арасында 7 рет қайта басылып, оқыту ісінде ұзақ әрі кең пайдаланылды. Байтұрсынұлы тілші-ғалым ретінде қазақ тілінің табиғаты, өзгешеліктері, [араб](#) әліпбиінің жайы, терминдер, қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы мақалалар жазды.


Ол қазақ ғылымы тарихында ұлттық әліпби жасап, жаңа үлгі ұсынған реформатор. Байтұрсынұлы әліпбиі қазақ тілінің табиғатына бейімделген араб жазуы негізінде жасалды. Ол қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924), құрылтайында (Баку, 1926) араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын жан-жақты тұжырыммен дәлелдеген ғылыми «Түркі тілдеріндегі терминология жайлы» баяндама жасады Ахмет Байтұрсынұлы қазақ балаларының ана тілінде сауатын ашуына көп күш жұмсады.



А. Байтұрсынұлының «Оқу құралы» оқулығының мұқабасы (Ташкент, 1922 ж.)

Ахмет Байтұрсыновтың «Оқу құралы. Қазақша алифба» (1912) – қазақша жазылған тұңғыш әліппелердің бірі. Бұл әліппе оқытудың жаңа әдістері тұрғысынан өңделіп, 1925 жылға дейін бірнеше рет қайта басылды. «Оқу құралы» қазіргі әдістеме тұрғысынан әлі күнге дейін маңызды оқулық ретінде бағаланады.

Өзі жазған «Өмірбаянында» (1929): «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым» деген.



Ахмет Байтұрсынұлының шығармаларының тізімі, өзі құрастырған (1929 ж. 12 мамыр)

А. Байтұрсынұлы атындағы Қоғамдық қорының мұрағатынан

А. Байтұрсынұлы қазақ мектептерінің мұқтаждығын өтеу мақсатында қазақ тілін пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» оқулық кітабы алғаш рет 1914 жылы Орынбор қаласында жарық көрген. Оқулық бірнеше рет қайта басылды. Оқулық бірнеше тақырыпқа бөлінген. Үш жылдыққа арналып, әр жылғы сыныптарға жеке-жеке жазылған. Бірінші тіл таңытқыш кітап: Дыбыс жүйесі мен түрлері (1914), екіншісі: Сөздің жүйесі мен түрлері (1914–1915), үшіншісі: Сөйлем жүйесі мен түрлері (1913).

(Энциклопедия Ахмет Байтұрсынұлы Б. 532)

«Әліп-би. Жаңа құрал» атты оқулығы 1926 жылы бұрынғы «Оқу құралы. Қазақша алифбаға» жалғасты кітап ретінде жазылған.

2022 жылғы республикалық акция "Бір ел - бір кітап"

ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы ұйымдастырған «Бір ел – бір кітап» дәстүрлі республикалық акциясы әдебиетіміздің қазынасын дәріптеуге, жастарға рухани-патриоттық тәрбие беруге бағытталған.

2022 жылы жалпы оқу үшін Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдері мен қанатты сөздерінің жинағы ұсынылады. 2022 жылы ЮНЕСКО-ның атаулы күндер күнтізбесіне Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы енгізілді.

Ахмет Байтұрсынұлы (1872–1937) – қазақ ақыны, мемлекет қайраткері, әдебиеттанушы ғалым, педагог, аудармашы, ағартушы, публицист, ұлттық жазудың реформаторы, қазақ лингвистикасы мен әдебиеттанудың негізін қалаушы, Алаш Орда партиясының мүшесі. Ол өзінің шығармашылық қызметін өлең жазудан бастады, онда ол жұмыс істейтін халықтың армандары мен қажеттіліктерін көрсетті. Ақын жұртшылықты оқуға, білімге, рухани дамуға, адамгершілікке, мәдениетке шақырды.

2022 жылы қазақстандықтар Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын келесі бағыттар бойынша оқитын болады:

- «Ахмет Байтұрсынұлының ғылыми мұрасы»;
- «Ахмет Байтұрсынұлының әдеби шығармалары»;
- «Ахмет Байтұрсынұлының қанатты сөздері»;
- «Қазіргі ғылымдағы Байтұрсынұлытану».

2022 жылы А.Байтұрсынұлының еңбектерін насихаттау мақсатында «Амангелді аудандық ОКЖ» КММ кітапханаларында бұқаралық іс-шаралар өткізіліп, кітап көрмелері ұйымдастырылып, ашық әдебиеттер қаралымдары ұйымдастырылады.

Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары

Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Бұрынғы ескі-ертегі, химия үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен Иван Андреевич Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургтен бастырып шығарды.

Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді.

Жүк алды шаян, шортан, аққу бір күн,
Жегіліп тартты үшеуі дүркін-дүркін,
Тартады аққу көкке, шаян кейін
Жұлқиды суға қарай шортан шіркін.

Аудармада мін жоқ, мүдірмей, тұтықпай, есіліп-төгіліп тұр. Ендігі кезең оқырманына қатысты жаңа ой, соны пікір, толғаулы сөзді ақын өз жанынан қосады.

Жігіттер мұнан ғибрат алмай болмас.

Әуелі бірлік керек болса жолдас.

Біріңнің айтқаныңа бірің көнбей

Істеген ынтымақсыз ісің оңбас, —

деп елді тұтастық, ынтымақ жалауының астына шақырады.

Елдің азып-тозуына байланысты сарындарды Ахмет Байтұрсынов жұмбақтап, тұспалдап жеткізеді, кейде ашық, дәл айтылатын ойлар да бар:

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі.

Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі

Нашарды талай адам талап жеп жүр

Бөріден артық дейміз оның ісін.

Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Қайыршы мен қыдыр», «Ат пен есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мегзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Аудармашы негізгі түпнұсқа тексіне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын – әуез қосып отырады. «Қартайған арыстан» мысалына:

Бақ қонса, сыйлар алаш ағайын да,

Келе алмас жаман батып маңайыңа.

Басыңның бақыт құсы ұшқан күні

Құл-құтан басынады, малайың да, —

деген жалғасты түйін жасайды. Бірнеше кісі тіл таба алмай, берекесі кетіп, өртке шалдығып, үлестен құр қалады. Осы «Үлес» өлеңінің түйінінде ақын өз позициясын ашық көрсетіп:

Ойласақ оқиға емес болмайтұғын,
Ел қайда өзін жаудан қорғайтұғын.
Қазіргі пайдасына бәрі жетік,
Адам аз алдын қарап болжайтұғын.
Андыған бірін-бірі жаудан жаман
Байқасақ ел белгісі оңбайтұғын.
Бұл белгі табылып жүр біздің жұрттан
Таласып бір-бірінің жүзін жыртқан.
Алданып арқадағы дау-шарына
Кәтерден кәпері жоқ,
келер сырттан, —

деп терең маңызы бар әлеуметтік ой толғайды.

Мысал жанрының қазақ әдебиетіне бойлап ену құбылысы әлемдік көркемдік дәстүрлердің типологиялық ұқсастығын көрсетеді. «Дала уалаяты» газетінде 1894 жылы 14 тамызда И.Крыловтың «Инелік пен құмырсқа» (аударған А.Құрманбаев) мысалының жариялануы – қазақ әдебиеті үшін жаңа бір арнаның басы еді.

Крыловтан Абай – 14, Спандияр Көбеев – 37, Бекет Өтетілеуов – 12 мысал аударған. Бір мысалдың бірнеше рет аударылғаны да бар. Мәселен: «Аққу, шортан һәм шаян», «Ат пен есек», «Қасқыр мен тырна», «Шал мен ажал (өлім)», «Айна мен маймыл», «Маймыл мен көзілдірік» мысалдарын Ахмет Байтұрсынов та, Спандияр Көбеев те аударған. «Ала қойлар», «Есек пен қамыс (шілік)», «Бақа мен өгіз» мысалдарының Абай нұсқасы да, Ахмет нұсқасы да бар. Абай аудармалары Крылов түпнұсқасымен көбіне-көп дәлме-дәл келеді, Спандияр Көбеев 8 мысалды қарасөзбен баяндаған. Ал Ахмет Байтұрсынов аудармаларында сюжет сақталғанмен, еркіндік басым, қазақ тұрмысына жаңа идеялар, заман тынысын танытатын жаңа ойлар айтылады. Түп негізі Федрдан алынған Крыловтың он жолдық «Шымшық пен көгершін» мысалы Ахмет Байтұрсынов аудармасында отыз екі жолдан тұратын жаңа шығарма. «Өгіз бен бақа» орысшада – 17, қазақшада – 36 жол, «Қасқыр мен тырна» орысшада – 19, қазақшада – 76 жол, «Арыстан, киік һәм түлкі» орысшада – 35, қазақшада – 56 жол, «Қасқыр мен қозы» орысшада – 37, қазақшада – 68 жол, «Ағаш» орысшада – 31, қазақшада – 56 жол. Бұл фактілер қазақ ақыны дәстүрлі оқиға, қалыпты бейнелерді ала отырып, ойға ой, суретке сурет қосып, жаңа, ұлттық төл туынды жасағанын көрсетеді. Бұрын емеурін, ишара, мегзеу, астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» кітабында ашық, анық, дәлді, нақты айтылады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық, бірталай өлеңдерге арқау болады; ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – басты сарын.

Оқ тиіп он үшімде ой түсіріп,
Бітпейтін жүрегімде бар бір жарам.

Алданып жегеніме оны ұмытсам,
Болғандай жегенімнің бәрі қарам, –
деген жолдардың нақты өмірлік материалы әкесі Байтұрсынның 15 жылға Сібірге айдалып, қуғын көруі, бала жүректің тілім-тілім жаралануы. Ал, «Жиған-терген» өлеңіндегі:

Қазағым, елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.

Талауда малың,
Қамауда жаның,

Аш көзіңді оянып –

деген сөздерді патша цензурасы кезінде жібермей тастаған. Ақын ашынып сөйлейді, тартыстар, қайшылықтарды көрсетеді.

Бұл бір сөз қасірет айтып хатқа жазған,

Қалмаған түк қасиет қазақ азған.

Байға мал, оқығанға шен мақсат боп,

Ойлайтын жұрттың қамын адам азған.

Күрес идеясы, келешек қамы үшін арпалысу, ел болу мақсаты бар тілектен жоғары қойылады:

Мен бұқтым, жаттым,

Сен бұқтыңжаттың,

Кімістемекқызмет?

Ауызбенайтып,

Істердеқайтып,

Жоламасақ не міндет?

Тек жүрсетокжүрмекті

Қиындемебілмекті.

Қазірәлемпоэзиясындағыділмарсөз

–

афоризм

бопкеткентүрікақыныНазымХикметтің:

Мен жанбасамлапылдап,

Сен жанбасаңлапылдап,

Бізжанбасақлапылдап

Аспанқалайашылмақ, –

деген жолдарының Ахмет Байтұрсынов өлеңімен әуендестігі кісіні таң қалдырады.

«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті емес, негізінен әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Өзін-өзі күйттеген, байлық үшін, мансап үшін ар- абыройын сатқан “жақсылығы өз басынан артылмаған», «бос белбеу, босаң туған бозбала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеше сараң байлар», «мәз болып құр түймеге жарқылдаған оқығандар» сыналады. «Туысыма», «Досыма хат», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Көк есектерге», «Жұртыма», «Қарқаралы қаласына» өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар, образдар бар. «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі» – қорлық-зорлыққа мойымаған,

бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген жырлар. «Масада» Пушкиннен аударылған «Қыздыр дейсің мәжілісті, жан дейсің», «Ат», «Данышпан Аликтің ажалы», «Балықшы мен балық», «Алтын әтеш», Крыловтан аударылған «Сорлы болған мұжық», «Қаздар» шығармалары да берілген.

Қинамайды абақтыға жапқаны,

Қиын емес дарға асқаны, атқаны.

Маған ауыр осылардың бәрінен

Өз ауылымның иттері үріп қапқаны, –

деген жолдарда өз уақытының сыры айтылса:

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,

Ойлайтындар мен емес бір күнгісін.

Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,

Ел бір күншіл, менікі ертеңгі үшін, –

деген уақытта ақын болашақпен сырласқандай, өлместігіне сенеді.

Екі жинақ – «Қырық мысал», «Маса» – қазақ әдебиетін жаңа тақырыптармен, идеялармен, ойлармен, өрнектермен байытты; Абайдың ақындық дәстүрі ілгері жалғасты, заман талабына сай жігерлі поэзия туды, бұдан кейін талантты ақындардың жаңа буыны тарам-тарам жүлгелерді тереңдетіп, жалғастырып әкететін болады.

Әр түрлі оқиғаларға, халықаралық жағдайға, заң, құқықтану, жер мәселесіне, отарлауға, ғылым-білімге, педагогикаға арналған «Тағы да народный сот хақында» (1911), «Қазақ һәм ІҮ Дума» (1912), «Земство» (1913), «Жер жалдау жайынан» (1913), «Көшпелі һәм отырықшы норма» (1913), «Уақ қарыз» (1913), «Бұ заманның соғысы» (1914), “Жәрдем комитеті” (1915), «Закон жобасының баяндамасы” (1914) (осы мақала үшін Ахмет Байтұрсынов штраф-айып төлеген), «Қазақ халқын билеу туралы 1868 жылы шыққан уақытша положение» (1914), «Губернатор өзгертілуі» (1914), «Соғысушы патшалар» (1914), «Қазақ жерін алу турасындағы низам» (1913), «Қазаққа ашық хат» (1916), «Бастауыш мектеп» (1914), «Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек» (1923), «Партия һәм кеңес құрылысындағы рушылдық әсері» (1926) сияқты көптеген мақалалар публицист Ахмет Байтұрсыновтың көзқарасы эволюциясын, тарихи білігін, ойшылдық деңгейін, журналистік қарымын көрсетіп, рухани даму кезеңдерімізден мол хабар береді.

Ал ғалымның тілші, әдебиетші ретінде жазған еңбектері бірнеше том боларлық мол дүние, бұлардың ішінде 1913 жылы жазылған «Қазақтың бас ақыны» еңбегі – оқшау, дара тұр. Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттар дұрыс көрсетіліп, терең талданып, алғаш рет қазақ оқырманының алдына тартылды. Өмірдің сан алуан көкейкесті мәселелерін арқау етіп жазған Ахмет Байтұрсынов мақалалары алдымен «Айқап» журналында, 1913-1918 жылдар арасында өзі редакторлық еткен «Қазақ» газетінде, кейін кеңес баспасөзінде жарияланған.

Мақалалар саны көп, олар мерзімді басылым бетінде шашылып жатыр, бұларды жинап, сұрыптап, ой елегінен өткізіп, жүйелеп бастырып шығару арқылы

қоғамдық-саяси, әлеуметтік-тарихи зердеміздің қазір ойсырап, үңірейіп тұрған беттерін толтыратын боламыз. Қазіргі қолда бар материалдардың негізіне сүйенгенде қаламгер – оқу-ағарту, оқулықтар жасау, әліппе, емле, грамматика, жер иегері, кәсіп істеу, халықаралық қатынастар, тарих, құқықтану, заң, философия, қоғамдық күрестер, мәдениет, әдебиет, эстетика проблемаларын тереңнен қозғап, өз кезіндегі қоғамдық-әлеуметтік ойға мұрындық, ұйытқы болған пікірлер айтып, тұжырымдар жасаған. 1917-19 жылдар арасында әр қиянды шиырлаған кездерін автордың өзі де мойындаған.

Автордың «Қазақ өкпесі» мақаласында («Айқап», 1911, № 2) тарихи мәселелерге объективті, ғылыми тұрғыдан қарайтындығы көрінеді, қазақ хандығы неліктен құлады, өз алдына дербес мемлекет болып тұра алмаудың себебі, Ресейге қосылудың негізгі жағдайлары деген проблемалардың жауабы айтылады. «Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғанымыз – бәрі надандық кесапаты», дей келіп, ел мен елді, ұлт пен ұлтты теңгеретін ғылым, өнер екенін айтып, оқуға, ағартушылыққа ден қояды.

Бұл бағытта жазылған, бірі-бірімен сабақтас мақалалар өте көп. «Оқу жайы» («Қазақ», 1913, № 11) мақаласында өз кезіндегі мектептер ісін тиянақтай отырып, сол тұстағы Қостанай уезіндегі сауаттылық мәселелерін қозғайды, әрбір жүз кісіден 6 еркек қазақша, әрбір мың кісіден 6 еркек орысша, әл әрбір үш жүз кісіден 1 әйел қазақша, төрт мың кісіден 1 әйел орысша хат таныды деген дерек келтіреді. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жолы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық жоқ, оқытудың қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті ететін жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалимун (педучилище) жоқ» деп күйзеледі. Мұның үстіне автор қазақша, орысша, екі тілде білім алу жүйесін ерекше қолдап, «жалпақ жұрттың қолы орысша оқуға түгел жетсін, оқымаған жан қалмасын» деп дәл қазіргі күндегі тәуелсіздік шарттары алға міндет етіп қойып отырған терең білім беру принциптерімен үндес тұжырым жасайды.

Ал, революциядан бұрын жазған еңбектердің басым көпшілігінің негізгі идеясы ағартушылық, демократтық, прогрестік биік нысана, олар біздің азаматтық, рухани дамуымыздағы маңызды, мәнді кезеңдер шындығын ашады, бірқыдыру ойлар, пікірлер дәл қазіргі уақытқа қызмет ететінін көруге болады.

Отбасы – адам бақытының негізі

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының серігі, жары Бадрисафа



Ахмет Байтұрсынұлы



Бадрисафа Мұхамед-Садыққызы

Әрбір ұлы адамның артында ұлы әйел тұрады – бұл сөздер Ахмет Байтұрсынов пен оның таңдаған Бадрисафа некедегі Александра Ивановнаға толық қатысты.

Орал жағынан Қостанайдың Аманқарағайына ауып келген бірлі-жарым орыстарға, осы сар даладағы қонақжай қазақы ауылдан бастарына тұрақ болар баспана бұйырғаны белгілі. Иван ауылдағы Аманқарағай орманының қорықшысы болып, тапқан аз нәпақасымен отбасын асыраған қарапайым шаруа екен. Ивановның қызы Александра Әуликөлдегі бастауыш мектепте сабақ берген, 1896 ж. осында Ахмет Байтұрсынұлымен танысқан. Көп ұзамай ислам дінін қабылдап, Бадрисафа есімін алады да, Троицк қаласындағы мешітте Байтұрсынұлы екеуі некелеседі.

1989 жылы 5 қыркүйекте Шолпан Ахметқызына Қазақ КСР прокуратурасы берген «Ақтау туралы» анықтамада: «...*Байтұрсынова Бадрисафа Мұхамед-Садыққызы, туған жылы – 1878, Орал қаласының тумасы, ұлты – татар, КСРО азаматшасы, үйшаруагері*» деп, оған 1931 жылы 13 қаңтарда тағылған жер аудару қаулысының күші жойылғаны жөнінде мәлімдеме жасады.

Ресми құжатта Бадрисафаның нағыз ныспысы – орыс нәсілі екендігі көрсетілмеген. Себебі оны ортасы «татар қызы Бадрисафа Мұхамед-Садыққызы» деп таныды. Шолпан Ахметқызы Байсалова естелігінде Бадрисафа анасының келбетті, әрі сұлу болғанын, оның мұсылманша киінетіндігі, әкесі Ахметті «отағасы», «төрем» деп құрмет тұтқандығын, ал ағайын-туғандарының арасында анасының «ақ келін» атанғандығын жазған. Ш. Ахметқызы ата-анасының бір де бір суретін өзімен бірге сақтай алмағанын өкінішпен еске алатын. Кейінгі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған әкесінің суреттері мемлекеттік мұрағаттардан алынса, анасының суреті өзінің

сипаттауымен, Алматы Орталық саябаққа серуенге шыққан орыс әйелдерінің «жиынтығынан» салынғанын айтқан еді.

Байтұрсынова (Байсалова) Шолпан Ахметқызы

Шолпан Байтұрсынова Торғайда 1917 жылы 25 мамырда өмірге келген. Шолпанның туған әкесі – Мәшен, анасы – Айшөкен.

Шолпанды Ахмет пен Бәдрисафа үш жасында бауырына салып, өз аттарына жазғызып алады. 1929 жылы әкесі «халық жауы» ретінде қудаланған тұста, Шолпан анасы Бәдрисафамен бірге Том өңіріне жер аударылған. Содыр саясаттың құрбаны болған Шолпанның басынан «қара бұлт» үзілмеді.



*Шолпан
Байтұрсынова*

*Ахметқызы
(Байсалова) 1992 ж.*

Деректер мен айғақтар

КАЗАХ ССР ЖОҒАРҒЫ СӨТІ	ВЕРХОВНЫЙ СУД КАЗАХСКОЙ ССР
АДРЕС: АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ, СӘБИТ МӘШЕН, 38 Т. 5 06. 90. 30 12/92	АДРЕС: С. ДАНА-ӨСА, 2А, САМАТҚА, 46. Т. 82-04-75, 82-09-51

СПРАВКА

Дана Бейтурсуновой Шолпан Ахметовне, 1914 года рождения в том, что её родители: отец – Бейтурсунов Ахмет, мать – Бейтурсунова Бәдрисафа Мухамед-Садықовна были осуждены и в настоящее время реабилитированы.

Бейтурсунова Ш.А. дочь Бейтурсунова А. и Бейтурсуновой В., отбывавшая ссылку вместе с родителями с 1929 по 1933 гг. и осужденная в 1950 году по ст. 58 УК РСФСР реабилитирована.

Первый заместитель
Верховного Суда

И. Малахов

*Шолпан Байтұрсынованың ақталуы
туралы анықтама*

Ахмет Байтұрсынұлының жеке марапаттары



Ахмет Байтұрсынұлының алтын жетоны – 50 жылдық мерейтойына байланысты ұлт ұстазының Түркістан зиялыларынан алған марапаты (наградасы).

Ол қайраткерге 1922 жылы 2 тамызда Ташкент қаласында тапсырылған. Салтанат Ташкенттегі халық ағарту институтында (Кирипрос) өткен. Артынан ресми қонақасы берілген. Оған қазақ, қырғыз, түрікпен, башқұрт, өзбек, тәжік, ноғай, орыс ұлтының өкілдері қатысқан. Шараны Серікбай Ақайұлы жүргізген.

Бірінші сөзді Иемберген Табынбайұлы сөйлеп, А. Байтұрсынұлына Түркістан оқығандары атынан алтын жетон тапсырған.

Жетонның бір бетіне: «Ақа! Күшті сенің қаламың. Халық ісі – сенің тамағың. Жаса, ұлт мектебінің жүрегі!» деп, екінші бетіне: «Түркістан зиялыларынан белгі. 1922 жыл 2 ауғыст» деп жазылған.

Ағартушы марапатты алған соң, ризашылығын білдіріп сөз айтқан. Мұнан кейін Түркістан қайраткерлері, ғалымдары лебіз білдірген. Алтын жетонның кейінгі тағдыры белгісіз.

«Ғасыр саңлағы» медалі



1999 жылы Халықаралық «Абылайхан» қоры, Қазақтың тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау қоғамы, «Алтын адам» қоры – үш беделді ұйым бірігіп, сараптап, салмақтап, таңдап 10 қайраткерді «Ғасыр саңлағы» деп атады.

Соның бірі – Ахмет Байтұрсынұлы болатын.

Сол кездегі облыс әкіміне табыс етілген бұл медаль мен дипломды Ө. Шөкеев мырза Ахаң есімін алып отырған университет жанындағы мұражайға табыс етті.

«Ғасыр саңлағы» медалі

«Ана тілдің айбары» белгісі

Бүкіл саналы ғұмырын ана тілі үшін ерлік күреске арнаған дара тіл маманы Ахмет Байтұрсынұлының рухына зор ризашылық пен сүйіспеншіліктің белгісі ретінде. 1999 жылы Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы өзіннің ең жоғары мәртебелі «Ана тілі айбары» атты алтын белгісімен (алғашқы нұсқасы) Ұлт ұстазын марапаттау туралы шешім қабылдаған. Бұл белгі Алматы қаласында орналасқан А. Байтұрсынұлы атындағы мұражайға тапсырылды.



«Ана тілдің айбары» белгісі

Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ордендер, медальдар

Қазақстан Республикасының Жоғары оқу орындары қауымдастығы тағайындаған Ахмет Байтұрсынов атындағы орденмен және медальмен негізінен еліміздің жоғары білім беру жүйесінің дамуына қосқан зор үлесі, жаңа буын мамандарын даярлауға жаңашыл идеялары мен инновациялық ұстанымдары үшін тұлғалар мен ұйымдар марапатталады.

Марапаттауға жоғары оқу орындары, жоғары оқу орындарының ректорлары, жоғары оқу орындарының ғылыми кеңесі ұсына алады.

Бұл туралы шешім ҚР Жоғары оқу орындары қауымдастығы басқармасының отырысында қаралып лайықтылар арнайы шешіммен жылына бір рет марапатталады.

Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындары қауымдастығының Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ордені

Орден туралы:

1. Ахмет Байтұрсынов атындағы орденмен Қазақстан Республикасының білім және ғылым саласындағы көп жылғы жемісті қызметі үшін азаматтар мен ұйымдар марапатталады.

2. Сыйлыққа ұсыну ЖОО мен ұйымдардың ғылыми кеңестерінің ұсынуы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Ахмет Байтұрсынов атындағы орденге кандидаттарды ұсыну кезінде кандидатураның қандай еңбегі үшін ұсынылғанын көрсету, сондай-ақ кандидатқа мінездеме беру қажет.

3. Наградтау туралы шешімді Қазақстан Республикасы ЖОО қауымдастығының наградаларын беру жөніндегі комиссиясы қабылдайды.

4. Ахмет Байтұрсынов атындағы орденнің сипаттамасы: негізі – сары металл (жез), көк эмаль; пластина – сары металл (жез); бекіту – күнқағар құлпы бар ине.

Ахмет Байтұрсынов атындағы орденге Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының логотипі бейнеленген сары жолақтары бар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының түсіндегі лента ілінеді.



Ахмет Байтұрсынов

атындағы орден

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы медальдар

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары қауымдастығының Ахмет Байтұрсынұлы атындағы медалі

Медаль туралы:

1. Ахмет Байтұрсынов атындағы медальмен жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылар құрамы, сондай-ақ қызметкерлері арасынан Қазақстан Республикасының азаматтары мыналар үшін марапатталады:

– жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесіндегі көп жылдық жемісті жұмысы;

– жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы көрнекті қызметтері және оның дамуына зор үлес қосқан;

– жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің теориясы, әдістемесі және практикасы мәселелерін әзірлеу;

– жаңа буын мамандарын даярлаудағы инновациялық идеялар мен инновациялық көзқарас;

– өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу әдістерін жетілдіру, жеке тұлғаның мәдени-адамгершілік дамуы;

– жоғары оқу орындарында оқу үдерісінде пайдалануға ұсынылатын (бекітілген) оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді жасау.

2. Сыйлыққа ұсыну жоғары оқу орындарының ғылыми кеңестерінің ұсынысы бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Наградтау туралы шешімді Қазақстан Республикасы ЖОО қауымдастығының наградаларын беру жөніндегі комиссиясы қабылдайды.

4. Ахмет Байтұрсынов атындағы медаль үш дәрежелі:

- Алтын медаль;
- Күміс медаль;
- Қола медаль.



Алтын медаль



Күміс медаль



Қола медаль

«Ағартуға қосқан үлесі үшін» медалі



*Ахмет Байтұрсынов атындағы
«Ағартуға қосқан үлесі үшін» медалі*

Ахмет Байтұрсынов атындағы Құрмет медалі

*Ахмет
медалі*



*Байтұрсынов
атындағы
Құрмет*

Ұлағатты ұстаздың аруағына алғысын білдірген ұрпақтары құрметпен қарайды. Аудандар, ауылдар, көптеген мекемелер Ахмет Байтұрсыновтың есімімен аталды, мұражайлар ашылды, көшелер аталды, оның туған жерінде, Қостанай облысында да, Қазақстанның басқа аймақтарында да ескерткіштер орнатылды.

Ахмет Байтұрсынұлына арналған ескерткіштер



1990 жылы Торғай ауданында А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатовқа ескерткіш ашылды. Авторы – мүсінші Х. Е. Наурызбай.




Ахмет Байтұрсынұлының Қостанай қаласындағы ескерткіші

Қостанай қаласында 2000 жылы

Ахмет Байтұрсынұлына арналған ескерткіш бой көтерді.

Ескерткіштің авторы – белгілі мүсінші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ҚСРО еңбек сіңірген өнер қайраткері Т. С. Досмағамбетов.



Ахмет Байтұрсынұлының Шымкент қаласындағы ескерткіші

2004 жылы Шымкент қаласында Ахмет Байтұрсынұлына ескерткіш қойылды.



Ахмет Байтұрсынұлының Арқалық қаласындағы ескерткіші

2012 жылы Арқалық қаласында Ахмет Байтұрсынұлының ескерткіші орнатылды. Қазақ зиялыларының көш басында тұрған Ахмет Байтұрсынұлының ескерткіші қаланың символына айналды.



Ахмет Байтұрсынұлының Әуликөл кентіндегі ескерткіш-бюсті

2016 жылы Әуликөл кентінде Ахмет Байтұрсынұлына ескерткіш-белгі (бюст) ашылды.

Ахмет Байтұрсынұлы Әуликөлде мұғалім болып қызмет жасап, қазақ балаларын оқытты. Ол қарапайым ауыл мұғалімнен «ұлт ұстазы», «Алаштың рухани көсемі» дәржесіне дейін көтерілді.

Жангелдин ауданы Ақкөл ауылына жақын тұста Ахмет Байтұрсынұлы әулетінің үлкен қорымы бар. Осы жерде Ахметтің әкесі Байтұрсын, ағалары және туысқандары жерленген.



Байтұрсын әулеттерінің қорымы

1937 жылы ГУЛАГ лагерінің бірінде қуғын-сүргін құрбаны болған А. Байтұрсынұлының асыл тәні қай жерде қалғаны белгісіз.

Артында қалған ағайындары Ахметтің туған ауылына ескерткіш тақта орнатқан.



Туған жері Торғайда тарихи тұлғаға қойылған ескерткіш тақта

<http://muzei-torgai.rka.kz/ajma-tar-turaly/sakralnye-mesta/133-saryt-bek-auyly-akhmet-bajt-rsynovty-tu-an-zheri.html>

<https://egemen.kz/article/169167-akhmet-bay%C2%ADtur%C2%ADsynulynynh-balalyq-shaghy-otken-uyi-qalpyna-keltiriledi>

2016 жылы Қостанай қаласында «Алаш» аллеясы ашылды. Оған Алаш ардақтыларының әрқайсысының атына арнап ағаш көшеттері отырғызылды. Сонымен қатар «Алаш» аллеясында Алаш арыстарының 20 мүшесіне бюст қойылды. Солардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы.



Ахмет Байтұрсынұлының «Алаш» аллеясындағы бюсті



Алаш Орда көсемдерінің Нұр-Сұлтан қаласындағы ескерткіші

2021 жылы Нұр-Сұлтан қаласында Алаш қозғалысының көсемдері Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов пен Міржақып Дулатовқа ескерткіш ашылды.

Бүгінде Алматы мен Нұр-Сұлтан, Қостанай қалаларының үлкен көшелері Ахмет Байтұрсынұлы есімімен аталады. Қазақстан ҰҒА Тіл білімі институты, Қостанай өңірлік университеті Ахмет Байтұрсынұлының атында. Алматы мен Қостанай қалаларында оның мемориалдық мұражайлары жұмыс істеп, бірталай оқу орындарына Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілген. Алматы қаласында өзі тұрған үйі Байтұрсынұлының мұражай-үйі болып ашылған, оның ауласында ақынға орнатылған ескерткіш-бюст бар.

Ахмет Байтұрсынұлының Алматы қаласындағы мұражай-үйі



Алматы қаласының қақ ортасында Ахмет Байтұрсынұлының құрметіне берілген көше бар. А. Байтұрсынұлы пен Ж. Жабаяев көшелерінің қиылысында 19-ғасырдың сәулет өнерінен көрініс беретін кішігірім үй орналасқан. Осы үйде Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы тұрған. Дәл осы баспанадан оны «халық жауы» деп атандырып, отбасымен қоса қуып шыққан. Ұлт бастауында тұрған ұлы тұлғаны кейінгі ұрпақ танып-білсін деген мақсатта бүгінде бұл ғимаратты ақын атындағы мұражайға айналдырған.

Сондай-ақ, мұражай ішінде ғалым өміріне қатысты барлық ақпаратты қамтитын кішігірім кітапхана бар.

Жанындағы саябақ Ахмет Байтұрсынұлы атымен аталады.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты



1961 жылы Тіл және әдебиет институты негізінде құрылған Тіл білімі институтына 1990 жылы 26 ақпанда Ахмет Байтұрсынұлының аты берілді.

Қазіргі кезде институт құрамында [грамматика](#), [лексикология](#), [фонетика](#), [тіл мәдениеті](#), [қолданбалы лингвистика](#) бөлімдері және тілдер кафедрасы бар.

*Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті
(қазіргі Қостанай өңірлік университеті)*



1996 жылдың 3-інші сәуірінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 384 қаулысы негізінде Қостанай мемлекеттік университетінің атауы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай мемлекеттік университеті болып өзгертілді.


Ахмет Байтұрсынұлы мұражайы



Мұражай 1998 жылы ашылған. Ахмет Байтұрсынұлы мұражайын ашуда сол кездегі университет ректоры академик З. Алдамжардың еңбегі зор.

2010 жылдың 15 сәуірінде сол кездегі университет ректоры А. М. Наметовтың бастауымен А. Байтұрсынұлы мұражайы бас ғимараттан жеке ғимаратқа көшіріледі. Бұл ғимарат 1910 жылы салынып, 2010 жылы тарихи ғимарат атауы беріледі.

Ахмет Байтұрсынұлының туған үйі



2019 жылғы 5 қыркүйек айында Қостанай облысында 29 киелі жердің туристік картасы жасалды. Қасиетті нысандардың 19-ы жергілікті маңызға ие болды. Солардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлының кіндік қаны тамған, балалық шағы өткен үй. Шамамен 1850 жылдары салынған баспананың кейіннен іргетасы қалып, бізге жеткен болатын. Ахмет Байтұрсынұлы ақталғаннан кейін, 1990 жылы туған үйіне тас белгі қойылды.

2007 жылы жергілікті әкімдіктің қолдауымен, ауыл тұрғындары Ахаң үйін саманнан қайта салып шықты. Мұнда екі бөлме бар, оларға ортақ бір пеш қойылған.



2010 жылы 24 қарашада Ресейдің Оренбург қаласында Ахмет Байтұрсынұлы 1913–1918 жж. тұрған үйге ескерткіш тақта орнатылды.




Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері мен шығармалары:

«...Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде, қорлыққа шыдап, құлдыққа көніп, ұйқы басқан қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттық арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді.

Қазақтың ол уақыттағы кейбір оқығандары уез, губерния соттарына күш салып, тілмәш болып, кейбірі арын сатып ұлықтық іздеп жүргенде, Ахмет қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бәйгеге тікті».

Сәкен Сейфуллин




***Ақ жол** [Мәтін] : Өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу / құраст. Р. Нұғалиев. – Алматы : Жалын, 1991. – 464 б.*


Отызыншы жылдары сталиндік озбырлықтың құрбаны болған ұлы ғалым-лингвист, әдебиет зерттеуші, ақын аудармашы, публицист Ахмет Байтұрсынұлының ардақты есімі қазіргі қайта құру заманы арқасында ақталып, артына қалдырған асыл мұрасы халыққа қайтып оралды.

Ақынның бұл жинағына өзінің көзі тірісінде-ақ «революциялық рухтағы алғашқы сөз», «елшілік ұраны» деп бағаланған атақты кітаптары – «Қырық

мысал» мен «Маса», әйгілі «Әдебиет танытқыш», сондай-ақ ауыз әдебиеті мұраларын ұдайы жинап, өңдеген тынымсыз ізденісінің бір бөлігі ретінде таңылған «23 жоқтау» мен «Ер Сайын» және қазақ жұртына онер-білім шұғыласына, рухани жетілуге үндеген көсем сөздері (публицистика) еніп отыр.



Алты бармақ кітабы [Электрондық ресурс] / Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы. – Астана, 2011. – 1 электр. опт. диск (DVD).



Алты томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. Т. 1 : Қырық мысал. Маса. Қазақтың бас ақыны. Әдебиет танытқыш / А. Байтұрсынұлы. – Алматы : Ел-шежіре, 2013. – 384 б.

Т. 2 : Оқу құралы. – 384.

Т. 3 : Тіл құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – 384 б.

Т. 4 : (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөздің негізін қалаған көсем сөздер). – 384 б.

Т. 5 : «Ер Сайын», «23 жоқтау» ауыз әдеби мұрасы, көсемсөздері, табылған туындылары. – 384 б.

Т. 6 : Мақалалар, хаттар. А. Байтұрсынұлы туралы құжаттар мен материалдар. – 384 б.


Жинақ бұған дейін жарық көрген басылымдармен салыстырылып, кезінде кеткен мәтін ішіндегі кейбір қателер түпнұсқа бойынша түзетіліп, қалпына келтірілді.

Кітап ЖОО студенттері мен оқытушыларына, ғалым зерттеушілерге, жалпы әдебиет сүйер оқырман қауымға арналған.



Әдебиет танытқыш [Мәтін] : зерттеу мен өлеңдер / А. Байтұрсынов. – Алматы : Атамұра, 2003. – 208 б.


Қазақ әдебиеті мен өнерінің көрнекті қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының бұл жинағына «Әдебиет танытқыш» деп аталған зерттеу еңбегі мен өлеңдері топтастырылған.



Әліб-бій [Мәтін] : жаңа құрал / А. Байтұрсынұлы. – Алматы : Рауан, 1998. – 120 б.

Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, ескі араб алфавиті негізінде ұлттық жазу жасаған реформатор Ахмет Байтұрсынұлының бұл «Әліб-бій» оқу құралының түпнұсқасы соңғы басылымның 70 жылдығына және Ахмет Байтұрсынұлының 125 жылдығына арналып шығарылып отыр.

Құрал «Әліб-бій» деген атынан бастап жазу емлесіне дейін өз қалпында қазіргі жазуымызға да қотарылып берілді. Әліппе мұғалімдерге, тіл-жазу тарихын зерттеушілерге, араб жазуына қызығатын көпшілік оқырманға арналады.



Бастауышқа арналған оқу кітабы [Мәтін] / А. Байтұрсынұлы, Т. Шонанұлы. – Алматы : Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2019. – 144 б.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Телжан Шонанұлы бірігіп 1928 жылы 3–4 сынып оқушыларына арнап хрестоматия шығарған. Бұл оқу құралы көп жыл ұлттық кітапхана қорында қозғаусыз жатып, тек 2004 жылы бүгінгі әліпбимен қайта басылған болатын. Сондай-ақ еңбек 2013 жылы А. Байтұрсынұлының алты томдығына, 2017 жылы Т. Шонановтың бес томдығына енгізілді.


Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері тек жәдігер ретінде ғана емес, бүгінгі оқушыға да пайдалы оқу материалы болатындығын уақыт өзі дәлелдеп отыр. Сондықтан Мемлекеттік тілді дамыту институты бұл хрестоматияны өңдеп, іріктеп түрлі-түсті суреттермен безендіріп, бүгін

қолдануға дайын күйінде балаларға ұсынып отыр. Ондағы білім мен ақпарат бүгінгі күннің талабына толық сәйкес келеді. Оқу құралының тілі жатық және құралдың бүгінгі оқушы үшін де берері мол.




Бес томдық шығармалар жинағы [Мәтін] / А. Байтұрсынов. – Алматы : Жибек жолы, 2002. – Т. 1. – 208 б.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ балаларының ана тілінде сауат алуына арналған алғашқы әліппелер мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы, қазақ баспасөзінің негізін қалаушы. Жинаққа Қазақша алифба (1912), Әліп-би (1920), Сауат ашқыш (1926) атты әліппелері және сол жылдары өзекті мәселелерді көтерген түрлі тақырыптағы мақалалары топтастырылып берілді. Жинақ мектеп оқытушыларына, жоғары оқу орындарының ұстаздарына, жалпы көпшілік оқырман қауымға арналған.



Бес томдық шығармалар жинағы [Мәтін] / А. Байтұрсынұлы. – Алматы, «Алаш», 2003. – Т. 1. – 408 б.

А. Байтұрсынұлының бес томдық шығармалар жинағының 1 томына «Қырық мысал», «Маса» өлеңдер кітабы және «Қазақтың бас ақыны», «Әдебиет танытқыш» атты әдеби-ғылыми зерттеулері еніп отыр. Бұл басылымның басты ерекшелігі – 1989, 1991 жылдары жарық көрген А. Байтұрсынұлының шығармалар жинақтарындағы еңбектерінің түпнұсқаларымен салыстырылып, өзгеріске ұшыраған сөйлемдер, алынып тасталған ғылыми талдаулар қайта қалпына келтіріліп, толықтырылды.




Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. Т. 3 : Тіл – құрал / А. Байтұрсынұлы. – Алматы : «Алаш», 2005. – 352 б.

Бұл жинақта «Тіл – құрал» оқулықтары мен методикалық құралдардың қолда бар басылымдарының мәтіндері толық ұсынылып отыр.



Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. Т. 4 : Әліппелер мен мақалалар жинағы / А. Байтұрсынұлы. – Алматы : «Алаш» баспасы, 2006. — 320 б.

Жинаққа қазақша алифба (1912), Әліп-би (1926), Сауат ашқыш (1926) атты әліппелері және сол жылдары өзекті мәселелері көтерген түрлі тақырыптағы мақалалары топтастырылып берілді.




Көп томдық шығармалар жинағы [Мәтін]. Т. 5 / А. Байтұрсынұлы. – Алматы : «Алаш» баспасы, 2006. – 288 б.

Ахмет Байтұрсыновтың «Ер сайын», «23 жоқтау», сондай-ақ бұрын еленбей келген еңбектері мен жаңа табылған кейбір туындылары және әр жылдары жазылған көсемсөздері топтастырылды.



Қазақ тіл білімінің мәселелері [Мәтін] / А. Байтұрсынов ; құраст. Ғ. Әнес. – Алматы : «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 640 б.

Кітапқа мемлекет және қоғам қайраткерінің төл терминологиямыз бен оқу ағартуға, емле мен әдістемеге қатысты мақалалары енгізілді. Араб қарпіндегі түпнұсқадан қазіргі жазі үлгімізге салыстырыла аударылған бұл асыл қазына-мұра тілші ғалымдарға және көпшілік тіл жанашырларына арналады.



Қырық мысал [Мәтін] : өлеңдер / А. Байтұрсынұлы. – Алматы : Жазушы, 2002. – 120 б.


Ұлт ұстазының ұсынылып отырған «Қырық мысалы» Аханның көзі тірісінде-ақ «революциялық рухтағы алғашқы сөз», «елшілік ұраны» (М. Әуезов) деп бағаланған. Қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастыруға қызмет еткен бұл шығармалар Крыловтан жасалған таза аударма емес, автордың төлтума туындысы деген дұрыс.

Сондай-ақ 1911 жылы Орынборда жарық көрген «Маса» жинағынан алынған өлеңдер де кезінде ұлттық ой-сананы оятуда ұйытқылық рөл атқарған еді. Көкейкестілігімен қазір де қадірлі, қасиетті.



Маса [Мәтін] : өлеңдер мен көсемсөздер / А. Байтұрсынұлы. – Алматы : Раритет, 2005. – 208 б.

Ұсынылып отырған кітаптағы Ұлт ұстазының ешқашан ескермес елшілдік сөздері қазір де көкейкесті. Жинақ бұған дейін жарық көрген басылымдармен салыстырылып, кезінде кеткен мәтіндік қателер түзетілді.



Өлеңдер ; Мысалдар ; Мақалалар ; Зерттеулер ; Ахмет Байтұрсынұлы туралы естелік [Мәтін] / А. Байтұрсынұлы ; [құраст. Е. Манашов]. – Алматы : Өлке, 2013. – 240 б.

Бұл кітапқа Алаш азаматы Ахмет Байтұрсынұлының өзекжарды өлеңдері, мақалалары және аударма мысалдары еніп отыр.



Тіл тағлымы [Мәтін] : (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты деректер) / А. Байтұрсынов. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 448 б.

Ахмет Байтұрсынов – қазақ балаларының ана тілінде сауат ашуына арналған алғашқы әліппелер мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтардың авторы, қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде оқыту әдістерін баяндайтын құралдардың да иесі. Бұл кітапта сол оқулықтар мен методикалық құралдардың қолда бар басылымдарының текстері толық ұсынылып отыр. Сонымен бірге автордың қазақ жазуы (графикасы), емлесі, терминалогиясы жайында жазған мақалалары, сөйлеген сөздері мен қазақ жеріндегі оқу-ағарту мәселелеріне арналған еңбектері де енеді. Бұлардың барлығы дерлік араб жазуынан қазіргі қазақ жазуына көшіріліп беріледі.

«Маса», «Қырық мысал» кітаптарында жарық көрген өлеңдері мен аудармалары және «Әдебиет танытқыш» деп аталатын зерттеу еңбегі топтастырылды.



Шығармалары [Мәтін] : өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / А. Байтұрсынов ; құраст. Ә. Шәріпов. – Алматы. – Жазушы, 1989. – 320 б.

А. Байтұрсынұлының бұл шығармалар жинағына бұрын

Есімдердің әліпбилік көрсеткіші

- Абикеева, М. – 51,
Ағытай И. 135, 143,
Ағытайұлы, И. – 55, 76
Асқарұлы А. – 139, 145,
Айқадамова, А. – 77,78,79,80,222
Аймағамбетұлы, Р. – 65, 198
Айтбайұлы, Ө. – 183
Амантайұлы, Д. – 137,138,
Асан, М. – 186
Асанкелдіұлы, А. – 223
Асқар, Ө. – 210,224,
Байтұрсынов, А. 32, 33, 34, 37,
38,49,50,52,57,63,81,208,209,214
Байтұрсынұлы А. 1, 2, 3, 4, 5, 36,
66,101,102,105, 132,133,
134,136,140,141,144,177,187,
229,230,231
Байділдин, Ш. – 201,
Байтұрсынұлы, Ө. – 62
Байбосынова, Д. – 48
Барбол, Ө. – 84
Бөкейхан Ө. 114
Бықай, Ф. – 116,
Әбдиманұлы, Ө. – 19
Әбдіғали Б. 113
Әбдіқалық, К. – 225
Әбдіхалықұлы, Ө. – 56
Әбсадық, А. – 199, 200
Әбіш, М. – 232
Әлденев Б. – 35
Әл, - Карени Рашит. – 78
Әлпейісова, К. – 188
Әуезов, М. – 82, 83, 149,
Әлімхан, А. – 64
Әнес, Ғ. – 146, 147, 160, 211,
Әнесұлы, Ж. – 43, 115, 148,
Әуезов, М. – 147
Достиярова, Т. – 226
Дөңқабақ, О. – 110
Досанов, С. – 58,67,
Досжанов, Х. – 68,
Досжанова Қ. 109
Дуанбаева, Ө. – 153
Елеукенов, Ш. – 150, 151,
Ерденқызы, Р. – 152
Еркінбаев Ұ. О. 21
Жақыпов, Ж. – 128
Жандосқызы, Ө. – 233
Жанғабылов, К. – 47
Жәрімбе Н. 154, 155, 189, 190
Жәрімбетова, Н. – 117, 118,
Жолмұхамбетова, В. – 212
Жұмаділов, Қ. – 213
Жұмағұлов, С. – 106,
Жұртбай, Т. – 156
Имаханбет Р. 85, 195
Имаханбетова, Р. 22, 86,
Кәкен, А. – 142
Кемелбаева А. 23
Кенжеғозина, З. – 158
Кәрімхан, З. – 157
Қадамбаев, Т. – 53
Қайратұлы Б. 227
Қалижанова, Ж. – 104,
Қамзабекұлы, Д. – 191
Қапалбек, Б. – 202
Қасым А. 184
Қасымова, А. – 59,
Қирабаев, С. – 107,
Қиысханұлы, Қ. – 234
Қозыбаев, С. – 87
Қойгелді, М. – 119
Қойшыбаев, Б. – 159
Қойшыманов, Қ. – 204
Құлабаев, Н. – 192
Құлабай Н. 228
Құл- Мұхаммед, М. – 108
Қоңқабай, Ш. – 192, 193
Қуандықұлы, Қ. – 161
Құсекеева, Г. – 162
Қыдырбек, Ө. – 89
Құлабай, Н. – 215

Құлабаев Н. 194
 Құрманбайұлы, Ш. – 169
 Майлықұтова, М. – 163
 Малдыбай, А. Д. – 216
 Манапқызы, Ұ. – 60
 Маткеримова, Р – 90
 Матыжанов, К. – 217
 Мауытов Н. К. 17,18
 Мешітбаев, Н. – 48
 Мұқатов, Н. – 70
 Мұсабаев, Х. – 91, 92, 164
 Мұзафарова Г. 7, 10, 11, 12, 13, 14,
 15, 16,
 Наурызбаев, Б. – 40
 Несіпбай, А. – 45
 Нұрғали, Р. – 111
 Нұрғалиева, Қ. – 165
 Нұрғалымұлы, Ұ. – 196
 Нұрманова, А. – 93
 Нұрмұхамбетова, Д – 120
 Нүсіп, А. – 166,
 Нуров, Т. – 218
 Өтемұрат, О. – 221
 Ойсылбай А. – 24, 25
 Омарова, Ж. – 71
 Оразбаева, Ф. – 205
 Орынай, Ж. – 206
 Оспанов С. 219
 Оспанова Қ. 121,
 Оспанұлы, С.- 72, 73, 167,168, 220
 Рақымқызы, Р. – 94
 Сабыржанұлы, С. – 75
 Сағынтаев, Б. – 122
 Салқынбай, А. – 170
 Салпикова А. 8, 9,
 Санақбекқызы, Н. – 197
 Сақ Қ. – 26, 27, 28,
 Сарқыт, Ә. – 185,
 Сәрсекеев, Қ. – 95, 123, 124, 125,
 Сейіл, А. – 171
 Серікбаев, Н. – 172, 173
 Смағұлова, С. – 126
 Сомжүрек, Ж. – 39
 Сығай, С. – 174
 Сыздық, Р. – 96
 Сыздықова Р. 30
 Сыдықов Е. 6
 Сахыбеқызы Р. 74
 Тайшыбай, З. – 129, 130,
 Талғатқызы, А. – 176
 Тазабекқызы, Д. – 175
 Төлеуханқызы А. 207
 Төретова, Г. – 54
 Тоқтарбай, Е. – 97, 103,
 Торғауытқызы, Г. – 127
 Тұрғараева Г. М. 31
 Тұрғынбекұлы, С. – 98
 Тұрлыбекова, Ж. – 109
 Тұрысбек, Р. – 61
 Ысқақұлы, Д. – 131,
 Уахитұлы, Б. – 178
 Файзуллин, Б. – 179, 180, 181,
 Илияс, Б. А. – 41, 42, 44, 46
 Илиясова, К. – 182
 Шаяхмет, А. – 100
 Шүкірұлы, С. – 112

Мазмұны

1. Құрастырушыдан.....	5
2. Ұлт жанашыры.....	6–11
3. Шығармалары.....	12
4. Ол туралы әдебиеттер.....	13–14
5. Мерзімді басылымдар жариялымдары.....	15–30
6. Ахмет Байтұрсынұлы туралы айшықты ойлар.....	31–32
7. Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары.....	33–43
8. Шығармалары.....	44
9. Қазақ тілінің негізін қалаушы ретінде	44–45
10.Әдебиеттану.....	45–46
11.Аудармалары.....	46
12.Түркітану.....	46–47
13.Фильмдер.....	47
14.Жалпыреспубликалық жоспар.....	48–49
15.Ахмет Байтұрсынұлы.....	49–57
16.Ақталу.....	58–59
17.Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының ұлы көсемі.....	60–64
18.Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілінің негізін қалаушы.....	64–68
19.2022 жылғы республикалық акция «Бір ел – бір кітап».....	68
20.Ахмет Байтұрсынұлы шығармалары.....	69–73
21.Отбасы – адам бақытының негізі.....	74–75
22.Ахмет Байтұрсынұлының жеке марапаттары.....	76–86
23.Ахмет Байтұрсынұлының еңбектері мен шығармалары.....	87–93
24.Есімдердің әліпбилік көрсеткіші.....	94–95

Шығ. жауапты:.... К. Б. Борибаева
Құрастырушы:.... С.М. Көшкінбай
Редакторы:.... Ә. Қ. Ахметжанова

Басуға 27.09.2021 ж. қол қойылды
Қаріп түрі Times New Roman.
Басылымның көлемі (0,3)
Таралымы 5 дана

**«Арқалық қаласындағы
облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы» КММ**

**110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы
Абай көшесі, 62. Тел. (факс) 7-09-16.
E – [mail:arkounb@mail.ru](mailto:arkounb@mail.ru)**

